

ПУТИННИҢ ПХЕНЬЯНҒА САПАРЫ...

Ресей мен Солтүстік Корея басшылары не туралы келісті?

3

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫДА ТАҒЫ БІР КІТАПХАНА КҮНДІЗ-ТҮНІ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ

5

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

«АҚ ЖҮРЕК, ТАЗА АҚЫЛ, АДАЛ ЕҢБЕК»

14

ПРЕЗИДЕНТ

«ЖУРНАЛИСТІҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ»

Мемлекет басшысы «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының «Масс-медиа туралы» Заңына қол қойды, деп хабарлады Ақорда. Заң Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында мемлекеттің мүдделерін, қоғамның сұраныстарын және медиа саласының даму үрдістерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қайта қарау туралы берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

2

ЕЛ БІРЛІГІ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУҒА КҮШ САЛАДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматы қаласы бойынша ҚХА сессиясына қатысты

Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясы
XXVI сессия Ассамблеи народа Казахстана города Алматы

Алматыда қалалық ҚХА жұмысының перспективалық бағыттары белгіленді. Алматы қаласы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясы республикалық Достық үйінде өтті.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясының міндеттері жолдарды іске асыру жолдары»

«Задачи XXXIII сессии Ассамблеи народа Казахстана и пути ее реализации»

Ис-шара барысында Ассамблея қызметінің қорытындылары шығарылып, алдағы кезеңге арналған перспективалық міндеттер айқындалды. Сессия жұмысына Алматы қаласының әкімі, Алматы ҚХА төрағасы Ерболат Досаев, қала басшысының орынбасары Бейбіт Шаханов, ҚХА мүшелері, ҚХА қоғамдық құрылымдарының басшылары, Алматы мәслихатының төрағасы мен депутаттары, басқарма басшылары мен аудан әкімдері қатысты.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев құттықтау сөз сөйлеп, бұл сессияның жұмысы Қазақстан Республикасының Президенті – ҚХА Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын іске асыруға бағытталатынын айтты. Ал қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов 2024 жылдың басынан бері Ассамблеяның этномәдени бірлестіктерінің қатысуымен жалпы сомасы 43 миллион теңгеден астам сомаға 2 мыңнан астам адам мен 237 отбасын қамтитын 46 қайырымдылық іс-шара өткізілгенін атап өтті. Бейбіт Шахановтың айтуынша, этномәдени бірлестіктердің еріктілері су тасқынынан зардап шеккендерге 60 миллион теңгеден астам сомаға гуманитарлық көмек жинауға және жеткізуге белсенді қатысты.

Сондай-ақ, сессия барысында Ассамблея ұжымының алдына Мемлекет басшысы белгілеген бірқатар міндеттер қойылды. Олар: Аналар кеңесі мен Ақсақалдар кеңесінің қызметін қолдау тетіктерін іске асыру, ҚХА-ның қала әкімдігімен және мәслихатымен жұмыс істеуінің пәрменді тетіктерін құру, мемлекеттік тілді дамыту және оны этностар арасында қолдануды кеңейту, жастармен жұмыс.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

21.06.2024

Түнде: +18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +32+34 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

22.06.2024

Түнде: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз: +30+32 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 13м/с

www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

«ЖУРНАЛИСТІҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ»

Мемлекет басшысы «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды



(Дереккөз: Ақорда)

(Басы 1-бетте)

Жаңа заңға «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңдардың негізгі ережелері енді. Аталған заңдар алдағы уақытта күшін жояды. Жаңа заңда

бірқатар тың ережелер қарастырылған. Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, интернет-ресурстарды да қамтитын «масс-медиа» деген жаңа әрі анағұрлым кең ұғым енгізілді. Мемлекеттік ақпараттық саясат жүзеге асырылатын Бірыңғай

медиа платформа құру көзделген. Оның ішінде мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына гранттар беру, аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі арқылы (аккредитация карталарын берудің автоматтандырылған процесі) журналистерді мемлекеттік

органдар мен ұйымдарға тіркеу және басқа да міндеттер қарастырылған.

Журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгіленген. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. Яғни журналистің құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, олардың ақпарат іздеу, сұрату, алу және тарату кезіндегі, сондай-ақ «Масс-медиа туралы» Заңда белгіленген өзге де ерекше құқықтарын журналист мәртебесі деп түсіну керек. Шындыққа сәйкес келмейтін және азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығару туралы БАҚ-қа талап қою мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтер жарияланған күннен бастап 1 жыл деп белгіленген.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктері мен олардың журналистерін аккредиттеу тәртібі жетілдірілді. БАҚ-тың сұратуларын қарау мерзімі 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Бұл журналистерге қажетті ақпаратты қысқа мерзім-

де алуға мүмкіндік береді. Осылайша ақпараттың өзектілігі сақталады.

БАҚ-тың өз қызметін өзі реттеу мақсатында Заңда қоғамдық кәсіптік кеңестер құру көзделген. Кеңестер республикалық және өңірлік деңгейлерде құрылуы мүмкін. Бұл кеңестердің негізгі қызметі – Журналистердің әдеп кодексін әзірлеу. Гранттық қаржыландыруды енгізу арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктері жетілдірілді.

Ұлттық теле-радио хабарларын тарату мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік тілдегі отандық теле-радио бағдарламалардың апта сайынғы көлемі 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайтылды.

Отандық теле-радио арналарда шетелдік теле-радио бағдарламаларын ретрансляциялау көлемі 20 пайыздан 10 пайызға дейін төмендетілді. Өз-өзіне қол жұмсауды насихаттайтын ақпаратты, өзін-өзі өлтірудің жолдары мен оған үндейтін ақпаратты таратуға және (немесе) жариялауға тыйым салынады.

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

САРАПТАМА

ҚАРЫЗДЫҢ ҚАМЫТЫНАН ҚҰТЫЛСАҚ ИГІ

Халықты несие құрсауынан босататын Заң қабылданды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауларында тұрғындардың қаржылық сауатын арттыру, еліміздегі несие саясатына толықтырулар енгізу қажеттігі мәселелеріне әрқашан терең мән беріп келеді. Елімізде кейінгі жылдары халыққа несие ұсынатын микроұйымдардың саны көбейіп, азаматтарымыздың басым бөлігін қаржылық қақпанына түсірді. Алайда, аталмыш мәселені толық шешуде 2019 жылғы кредитті кешіру науқаны көмектесе алмады.

Несие алушылар арасында студенттер, тіпті әскерде жүргендер де көп болып шықты. Статистика комитеті мәліметінше, 5 мың сарбаздың 1 млрд 875 млн теңге көлемінде несие бар. Халықтың жоғары пайызды тұтынушылық несиеге тәуелділігінің артуы микроқаржы ұйымдарының көбеюі, халықтың қаржылық сауатының төмен болуы және мемлекет тарапынан реттейтін кейбір заңнамалық актілердің әлсіз болуы дейді мамандар.

Ендігі кезекте аталмыш мәселе толықтай шешімін тапты. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқығын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Мақаламызда аталмыш заңнаманың негізгі ерекшеліктері мен бағытына талдау жасалық.

• **2023 жыл қорытындысы бойынша Қазақстан халқының 84%-ы немесе 8,4 млн-нан астам адам қаржы ұйымына қарыз. Мысалы, былтыр тұтынушылық микронесие 11,6%-ға, 725 млрд теңгеге дейін ұлғайған. Ел азаматтары шағын микроқаржы ұйымдарынан 197 млрд теңге онлайн-қарыз рәсімдеген.**

Аталмыш заңнама елімізде қарыз жүктемесінің өсуіне жол бермеу мақсатында бірқатар нақты ереже енгізеді. Заңнама арқылы азаматтарымыз қаржылық борыш-

тық міндеттемелерін бақылауға алып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Ендігі кезекте мерзімі өткеніне 90 күннен асқан берешегі бар тұлғаларға кепілсіз тұтынушылық қарыздар беруге тыйым салынды. Бұл қадам мойнында бірнеше қаржы берешегі бола тұра несие алуға бейім азаматтарды «несие құрсауынан» құтқаратын болады. Сонымен қатар, кейінгі жылдары елімізде әскери қызметкерлер арасында несиеге тәуелділік, микроқаржы ұйымдарынан жоғары пайызды несие алу көлемі артқан еді. Ендігі жағдайда әскери сала қызметкерлеріне мерзімді әскери қызметін өткеру кезінде және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде алған қарызына сыйақы есептелмейтін болады.

– Кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларды және 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз басынасынан мәжбүрлеп шығаруға тыйым салынады;

– Өндіріп алуға жатпайтын және берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қабылдаған кезде қарыз алушының банктік шотында қалуға тиіс ақша сомасы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (43407 теңге) екі еселенген мөлшеріне (86814 теңге) дейін ұлғайтылды;

– 20 АЕК-ке (73840 теңге) дейінгі әкімшілік айыппұлдарды және салық берешегін өндіріп алу кезінде оңайлатылған іс жүргізу тәртібі енгізілді. Істі әділет органдары автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді. Бұл азаматтарды жеке сот орындаушыларының қызметтеріне ақы төлеу міндеттемесінен босатады. Мұндай механизммен келіспеген жағдайда атқарушылық іс жүргізу жалпыға бірдей бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады;

– Азаматтардың банкроттық рәсіміне өтініш



(Дереккөз: Midjourney)

Сонымен қатар, 2026 жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынып отыр. Заңнамаға Мемлекет басшысы қол қойғаннан бастап, коллекторлық агенттіктерге жеке тұлғалардың құқығын (талаптарды)

беру шарттары қатандатылды. Енді қарыз алушылардың құқығы тек берешек туындаған сәттен 24 ай өткен және берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер жүргізілген жағдайда ғана коллекторларға берілуі мүмкін.

Еліміздегі «банк омбудсмені» қызметінің құзыреті кеңейтілді. Бұған дейін омбудсман тек ипоте-

беру тәртібі жеңілдетілді. Енді ол үшін кредиторлар тізімін, мерзімі өткен берешекті реттеу және өндіріп алу рәсімдерінің жүргізілгенін растайтын құжаттың көшірмесін беру талап етілмейді. Мұндай деректер кредиттік бюродан сұратылады. Ал кредиторлар оған тиісті мәліметті жіберуге тиіс;

– Алаяқтық әрекеттерге жол бермеу үшін онлайн қарыздар бойынша міндетті түрде биометриялық сәйкестендіру енгізілді. Бұған дейін кредиттік бюродан азаматтардың несие алудан ерікті түрде бас тартқаны туралы мәлімет болған жағдайда қарыз беруге тыйым салынған еді. Осы Заңда аталған тыйымды бұза отырып берілген қарыздар бойынша берешекті қаржы институттары кешіру талабы енгізілді. Сондай-ақ, қабылданған Заңға сәйкес аталған тыйым ломбардтар берген микрокредиттерге таралмайды,

– Алаяқтардың ықпалымен рәсімделгенін дәлелдейтін сот актілері бар берешектер Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап кешіріледі.

калық шарттар бойынша дауларды қарайтын болса, ендігі кезекте микроқаржы омбудсмені институты енгізіліп отыр. Омбудсмен қызметінің мәні банк пен борышкер арасындағы бейтарап делдал. Егер жеке тұлғалар омбудсмен шешімімен келіскен жағдайда, қаржы ұйымдары бұл шешімдерді орындауға міндетті болады. Алайда, ескеретін маңызды тұсы, омбудсмен институты халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын борышкерлердің, жеке тұлғалардың өтініштерін қараған кезде кепілге алынған жылжымайтын мүлікті өндіріп алуға тыйым салынады. Аталмыш заңнама елімізде азаматтардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізін қалыптастыратын болады.

Сонымен қатар, аталмыш заңнама аясында халықтың осал топтарына ерекше мән беріліп отыр. Себебі, кейінгі жылдары республика бойынша борышкерлер мен несие қарызын өндіруші компаниялар арасында бірнеше қақтығыстық жағдаяттар орын алған болатын. Аталмыш мәселені толық шешу үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқығын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңнамасында халықтың осал әлеуметтік топтарын ерекше мән беріліп отыр.

Халықтың әлеуметтік жағдайы оның қажетті заңнамалық актілермен қорғалуына тікелей байланысты. Елімізде азаматтардың қаржылық несие құрсауына түсіп қалмауына аталмыш заңнаманың ықпалы орасан зор болмақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





БАЙЫПТАМА

ШИРЕК ҒАСЫРДАН KEЙІН
ЖАСАЛҒАН САПАР

Ресей Федерациясының президенті Корея Халықтық Демократиялық Республикасына ширек ғасыр ішінде екінші мәрте сапармен барды. Владимир Путин 2000 жылы, яғни алғаш рет Ресей президенті болып сайланғаннан кейін Солтүстік Кореяға мемлекеттік сапар жасаған. Ол кезде КХДР-ның ең жоғары көсемі Ким Жоң Унның (Ким Чен Ын) әкесі Ким Жоң Ир (Ким Чен Ир) болатын. Ал қазіргі лидер Ким бұркеме атпен Швейцариядағы мектеп-интернатында оқып жүрген. Дегенмен, Путин мен Ким соңғы екі жылда екі мәрте кездесті. Солтүстік Корея басшысы өзінің сауытты пойызымен Ресей территориясына, Қиыр Шығысқа барып Ресей басшысымен жолыққаны бар.

Бұл екі кездесуде тараптар ынтымақтастықты дамыту бойынша бірқатар мәселелерді қараған. Кейбір батыстық ақпарат құралдары бұл кездесулерде қару-жарақ сату-сатып алу келісімдері жасалғанын жазғаны бар. Солтүстік Корея артиллерия снарядтарын көп мөлшерде Ресейге өткізуге келісім беріп, Ресейдің Украинадағы әскери әрекеттерінде маңызды рөл атқарды делініп келеді. Енді қарап отырсақ, былтырғы кездесулер Мәскеу мен Пхионяң арасындағы бүгінгідей қарым-қатынастың құрылуына жол ашқан секілді. 24 жылдан кейін еліне келген Ресей басшысын Солтүстік Корея жоғары деңгейде қарсы алды. Әуел десеңіз, елдегі теңдессіз билік құзыретіне қарамастан, Ким Жоң Ун Путинді әуежайдан өзі күтіп алып, кетерінде өзі шығарып салды. Тіпті, Путин өзінің ширек ғасырдан бергі шетелдік сапарларында дәл мұндай қошемет көрмеді десек те артық болмас еді.

ЕКІ ЕЛ ҚАТЫНАСЫНЫҢ
ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Иә, бұл ретте біз бір ел лидеріне сапарлай барған елдің көрсеткен қошемет-құрметін сөз еткелі отырған жоқпыз. Дегенмен, дипломатиялық тілден аударатын болсақ, бұл қошеметтердің мағынасында екі ел басшысының өзара тығыз достық қарым-қатынасын әйгілеуге деген талпынысты көреміз. Ал одан да маңыздысы, тараптар қол қойған жаңа келісім осы сапардың салмағын көрсеткендей болды. Яғни бұл жолы екі ел арасындағы қарым-қатынасты айтарлықтай арттырған «Жан-жақты стратегиялық әріптестік туралы шартқа» қол қойды. Шын мәнінде, бұл келісім Мәскеу мен Пхионяң қарым-қатынасының жаңа деңгейге көтерілгенін, кемінде сонау «Қырықбақ соғысы» кезеңіндегі өзара ынтымақтастық деңгейін қайта жаңғыртқанын көрсетеді.

Қос тарап қол қойған жан-жақты стратегиялық әріптестік келісіміне қатысты ақпараттарды сараласақ, оның әскери ынтымақтастықты негіз еткен келісім екенін көреміз. Солтүстік Кореяның Орталық Ақпарат агенттігі (KCNA) таратқан келісім мазмұнының 4-ші бабында былай деп жазылған: «Егер бір ел басып алуға ұшыраса не соғыс жағдайына түссе, екінші ел кідіріссіз «әскери және басқа да көмекті» көрсетуі керек». Бұдан бөлек, «шабуыл немесе қауіп төнген жағдайда» өзара байланыс орнату, «қос тарап бір-біріне қажетті қолжетімді барлық ресурстарды өзара алмасу» деген сынды шарттар қарастырылған. Тағы бір маңызды тұсы, аталған шартта екі ел бір-бірінің мүдделеріне нұқсан келтіретін үшінші елмен ешқандай шарт жасаспайтыны көрсетілген. Әрі екі ел өз территориясын басқаның қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіру үшін пайдалануға рұқсат етпейтіні де айқын айтылған.

Міне, осындай тармақтары бар келісімге қол қойғаннан кейін екі ел басшысы қатар отырып жаңа келісім туралы өз пікірлерін де айтысқан. Солтүстік Кореяның ең жоғары басшысы жаңа шартты қауіпсіздік, сауда, инвестиция, мәдени-гуманитарлық байланыстарды қамтитын жан-жақты қарым-қатынастың тың деңгейі деп бағалаған. Путинмен келіссөздерден кейін Ким Солтүстік Корея мен Ресейді «ыстық достыққа» қол жеткізгенін және бұл келісім олардың «ең күшті шарты» болатынын, екі ел арасындағы қарым-қатынасты одақтық деңгейге көтеретінін айтқан. Солтүстік Корея ресми мәлімдемесінде құжат ядролық энергетика, ғарышты

ПУТИННІҢ
ПХЕНЬЯНҒА САПАРЫ...

Ресей мен Солтүстік Корея басшылары не туралы келісті?

Әлем күрделі геосаяси күйді бастан өткеріп жатқандықтан, төңіректегі елеулі оқиғаларға зер салып отыруға мәжбүрміз. Осы аптада Ресей президенті Валдимир Путиннің Солтүстік Кореяға жасаған сапары әлем назарын өзіне бұрды. Бір қарағанда, бізге тікелей қатысы жоқ көрінген бұл оқиға келешек әлемнің бет-бейнесіне әсер етуі мүмкін деп болжануда. Солтүстік көршіміздің белсенді іс-қимылдары онымен тығыз экономикалық байланыс пен достық қарым-қатынас орнатып отырған елімізді бей-жай қалдыра алмайды. Оның үстіне бұл жолы ядролық қаруға ие екі ел арасында маңызды келісімдерге де қол қойылды. Осы ретте Путиннің чосон жұртына жасаған сапары қалай болды? Қандай келісімдер жасады және оның өзге елдерге әсер-ықпалы қандай болуы мүмкін? Міне, осы сұрақтар төңірегінде әңгіме қозғағанды жөн санадық.



Қолжазды жасаған: Нұрбосын ӨРІСХҰЛЫ.

игеру, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты да қамтитынын айтқан.

МУДДЕЛЕР ҚАЙ ЖЕРДЕ
ТОҒЫСТЫ?

Ресей де, Солтүстік Корея да қатаң санкция астындағы елдер. Әсіресе, КХДР әлемдегі ең оқшауланған ел саналады. Оқшауланған екі елдің тығыз ынтымақтастыққа өте алуына қандай мүдделер тоғысы әсер етті? Қарапайым тілмен айтқанда, екі елдің стратегиялық қарсыластары алдындағы ортақ жағдайы бір-біріне жақындауына мүмкіндік берді. Оның үстіне, Украинадағы жағдай Ресейді батыстық ірі державаларға қарсы барлық одақтастарымен қарым-қатынасты дамытуға итермелегендей. Түсінікті етіп айтқанда, Украинадағы соғыс Ресейді Батыстан оқшаулай түсті, оқ-дәрілерге мұқтаждық Солтүстік Кореяға жақындалды.

Сеул тарабы Путин сапарын қалт жібермей қадағалады. Себебі, Оңтүстік және Солтүстік Корея арасында әлі де соғыс тоқтаған емес. Сеулдегі Корея университетінің профессоры Нам Сон Вук Мәскеу мен Пхионяң мүддесі қай арада тоғысты деген сұраққа мынадай пікірін келтіреді: «Бұл жолғы келісімнің нақты мәні Солтүстік Кореяның тағы қанша қаруын Ресейге жөнелтілетіні болмақ. Мәскеу мен Пхеньян қарапайым қару-жарақ жеткізу бойынша қысқа мерзімді келісімдерден өтіп, енді өте тығыз әскери ынтымақтастық туралы, мысалы, қару-жарақ жүйелерін бірлесіп жасау туралы келісімге қарай дамыды», — дейді Йонхап агенттігіне берген жауабында.

Оңтүстік Корея және Жапония сарапшыларның сөзінше, КХДР Ресейге сататын қару-

жарактың орнына азық-түлік немесе жанармай ғана емес, одан да маңызды талаптар қоя бастаған болуы мүмкін. Атап айтқанда, Солтүстік Корея 2023 жылы әскери барлау спутнигін сәтті ұшыра алмағанын білеміз. Бұл жолы Ресейдің өзіне мүдделілігін пайдалана отырып, Пхионяң әскери барлау спутнигі секілді күрделі технологияларды Ресейден импорттағысы келеді.

Украинадағы жағдайға байланысты Ресей өзінің әскери өнеркәсібіне жаңа қолдау тапқысы келері анық. Солтүстік Корея бұл арада арзан еңбек күш немесе өзге де қажетті ресурстармен қамдай алады. Есесіне, өзіне Ресейден қаржы, азық-түлік секілді ішкі дағдарыстарын шешуге мүмкіндік алады. Егер Ресей мен Солтүстік Корея зымырандарды дамыту бойынша өзара ынтымақтастыққа барса, бұл да Украина мен оны қолдаған Батыс елдері үшін оңай сынақ болмасы анық.

Осы арада Ресей мен Солтүстік Кореяның ядролық қаруға ие ел екенін ескере отырып, бір мәселені қарастыруға тура келеді. Яғни қос тарап ядролық қару немесе тасымалдаушы зымырандарды ортақ дамыту сынды ұшқары әрекетке баруы мүмкін бе? Егер Шығыс Азиядағы және қазіргі Ресейдегі жағдайға қарай бағамдасақ, тікелей бұл қадамға баруы екіталай. Себебі, Корея түбегін ядролық қарусыздандыру мәселесіне АҚШ пен Оңтүстік Корея және Жапония аса мән береді. Әрі Қытай да бұған қарсы ұстаным да болған болар еді.

ЫҚТИМАЛ
ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Мәскеу мен Пхеньянның жақындай түсуі және тығыз ынтымақ орнатуы әлемге өзінің елеулі әсерін береді. Олай дейтіміз,

Украинадағы соғыс Батыс әлемін аландатып тұрған шақта, Ресейдің тағы бір «жағымсыз» елмен әскери ынтымақтастық орнатуы АҚШ пен оның одақтастары жағынан «шошындырарлық» жағдай. Құрама Штаттар Солтүстік Кореяға қарата қатаң санкцияны тынбай ұстанып келеді. Трамп тұсында түбекті ядролық қарусыздандыру талпыныстары да жасалды. Бұл бағыттағы әрекеттерінің түбегейлі селге кетуін қаламайды. Сондықтан Вашингтон алдағы уақытта Корея түбегіндегі жағдайды қайта қолға алуға тырысуы мүмкін. Бұл аймақтағы шиеленістің жаңа деңгейге жететінін көрсетіп тұрғандай.

Әрине, бұл арада АҚШ аймақтағы Жапония және Оңтүстік Корея сынды одақтастары арқылы жағдайды бақылауға ұстауға күш салады. Осы іс-қимылдар Шығыс Азиядағы стратегиялық жүрістерді жиілеті түседі. Шығыс Азияда аса байыпты іс жүргізуге тырысатын Қытай үшін бұл біршама қолайсыздықтарды алып келуі мүмкін. Нәтижесінде Қытай мен Ресей және Солтүстік Корея үштігі мен АҚШ–Оңтүстік Корея–Жапония үштігі арасында ұзаққа созылған текетірес орын алуы да ғажап емес.

Мәселенің тағы бір қыры бар. Солтүстік Кореяның Ресейге жақындай түсуі Қытайға «қнамауы» мүмкін. Мұндай пікірді Тайвань сарапшылары алға тартады. Бір қарағанда, үш ел өзара тығыз байланыста. Ресей мен Солтүстік Корея арасындағы байланысты тереңдету Бейжіңді ыңғайсыз жағдайға қалдырады деп санайды тайваньдық сарапшылар. Дәйек ретінде Тайваньдағы Сун Ятсен университетінің сарапшы маманы Гуо Юреннің пікірін келтірейік: «Украинадағы соғыс шығынды ұлғайтты, әрі Ресейдің Қытайға деген экономикалық тәуелділігі тереңдей түсті. Путин бұл жолы Қытайды тежеу үшін Солтүстік Корея картасын ойнаған болуы мүмкін. Бұл сапар «Менің өзге де достарым бар» деген сигналды Бейжіңге жеткізе алады. Ресей мен Қытай бір-бірін ұрлап жатыр дегенмен бірдей. Әрі Солтүстік Корея Шығыс Азияда қиыншылық туғызып тұратындықтан, бұл Қытай үшін ыңғайсыз, — деген Гуо Юрен VOA агенттігіне берген жауабында.

БҰРЫНҒЫ
КЕҢІСТІКТІ ІЗДЕУ

Путиннің Солтүстік Кореяға сапарымен қатар оның Вьетнамға сапарын да ескеруге тура келеді. Бейсенбі күні (20 маусымда) Ресей президенті Ханойдағы сапарын бастады. Бұл сапарында Путин тарихи одақтас елмен ынтымақтастықты бекемдеуді көздері анық. Дегенмен, жақында ғана Вьетнамның жоғары жетекшілері Вашингтонмен тығыз мәлімілелер жасасқаны бар. АҚШ президенті Джо Байден мен Қытай төрағасы Си Цзиньпин өткен жылы Вьетнамға сапар жасаған. Олардың басты мақсаты – Ханойдан қарсы тарапты қолдамауға кепілдік алу. Былайша айтсақ, Ханойда стратегиялық әріптестерімен дипломатиялық бәсекеге түсіп жатыр. Осы тұста Ресей де аймақтағы өз мүддесін алға жылжытқысы келеді.

Қалай десек те, Кремль жетекшісі кезекті желілес мемлекеттік сапарлары арқылы Мәскеудің бұрынғы дипломатиялық кеңістігін түгендеп, тың тыныс алуға тырысып жатқанын көреміз. Соның өзі де көзқаракты жұртқа көп нәрсені ұғындырса керек.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ЕЛ БІРЛІГІ

ҚАЗАҚ ТІЛІН
ДАМУҒА
КҮШ САЛАДЫШаһар басшысы Ерболат Досаев
Алматы қаласы бойынша
ҚХА сессиясына қатыстыДосбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

«Мемлекет басшысының алға қойған міндеттеріне сүйене отырып, түзетулер енгізу, қалалық Ассамблея қызметіндегі тәсілдерді өзгерту және бастамаларымыз бен бағдарламаларымызды тиімді іске асыруға назар аудару қажет», – деді Ерболат Досаев.

Мегаполис басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына жаңа серпін бере алатынын, осыған байланысты жас көшбасшыларды қолдау қажет екенін айтты. XXVI сессияның соңында қала әкімі Мемлекет басшысы қойған міндеттерді тиімді іске асыру Ассамблеяны одан әрі дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік беретінін және оның Алматыдағы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етудегі рөлін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Алматы қаласы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясы аясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мегаполисте жастарға арналған комьюнити-орталықтардың саны 16-ға дейін көбейетінін хабарлады.

«Біз уәде еткендей, қалада 16 комьюнити-орталық болады. Биыл 4-еуін, келесі жылы тағы 4-еуін ашамыз. Комьюнити-орталықтардың пайдасы мол, жастардың басын қосатын орындар пайда болды», – деді қала басшысы.

Айта кеткен жөн, Алматыда жастардың әлеуетін толыққанды іске асыру, сондай-ақ жастарға атаулы көмек көрсету үшін өткен жылы жастар комьюнити-орталықтары ашылған еді. Қазір қаланың әр ауданында бір-бірден 8 комьюнити-орталық бар. Әрбір комьюнити-орталық бұл – психологиялық, заң көмегі, жұмысқа орналастыру, кәсіптік бағдар беру, кәсіпкерлік мәселелер бойынша кеңес беру, сондай-ақ жастар идеясын жеделдету үшін коворкинг аймақтары бар қоғамдық кеңістік.

2024 жылдың басынан бері 750-ден астам іс-шара өткізіліп, 30 мыңнан астам жас қатысқан. «Оңай» картасы негізінде комьюнити-орталықтардың резиденттері үшін клубтық карточкалық жүйе енгізілді. Карта көлікке, қоғамдық тамақтануға, спорттық және мәдени инфрақұрылымды пайдалануға, оқытуға, шеберлік дәрістеріне және т.б. дисконт ұсынады. Сондай-ақ, қалада жастарға арналған 34 демалыс орталығы жаңғыртылды.

АЛМАТЫ АУЛАЛАРЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары және халықпен кездесу барысында Әуезов ауданындағы, Жандосов көшесі, 59/1, 59 Б, 59 В көшесіндегі 10 шағынаудандағы аула аумағын күрделі жөндеумен танысты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев қала басшысына құрылыс-монтаж жұмыстары маусым айында басталып, биыл қазан айында аяқталатынын айтып, есеп берді. Оның айтуынша, күрделі жөндеу «Алматы-БасЖоспар» ҒЗИ аула аумақтарын абаттандыру бойынша бекіткен әдістемелік құрал негізінде жүргізіледі.

Аулаларды аралау барысында Ерболат Досаев спорттық және балалар ойын алаңдарын жаңғыртуды, спорт алаңын жаңартуды, орындықтармен демалыс аймақтарын жабдықтауды тапсырды. Алматы қаласының әкімі

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ САУДА ҮЙІ

«Тигрохауд» базары жаңғыртылған соң жұмыс орны көбейеді

Жұмыс сапары және халықпен есептік кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаланың Әуезов ауданындағы «Тигрохауд» базарын жаңғырту барысымен танысты. Жаңғырту аясында сатушылар үшін де, сатып алушылар үшін де қолайлы жағдай жасалады. Қазір болашақ екі қабатты сауда орталығының іргетасы құйылып жатыр.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жаңғыртудан кейін жұмыс орнының саны 100-ден 160-қа дейін көбейеді. Жоспарға сәйкес, сауда нысанына баратын жолдарға асфальтбетон, ал кіреберістер, аландар мен жолдарға тротуар плитасы төселеді. Жобада 40 көлікке арналған тұрақ қарастырылған. Сондай-ақ, заманауи желдету, ауаны баптау және жарықтандыру жүйелерін орнату, санитарлық тораптарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, демалыс аймақтарын жайластыру жоспарлануда. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2024 жылдың сәуір айында басталды. Ол 2025 жылдың қазан айында аяқталады.

Аралау барысында қала басшысы Ерболат Досаев іргелес аумақты абаттандыру мен көгалдандыруды сапалы орындау ма-



ңызды екенін атап өтіп, Әуезов ауданының әкіміне құрылыс жұмыстарының әрбір кезеңінің орындалуын бақылауға алуды тапсырды. Әкім полицентристік даму аясында халық осындай сауда кешендеріне қол жеткізуі тиіс екенін атап өтті.

«Тигрохауд» фирмасы» ЖШС Бас директоры Жанар Құрабаева қала әкімдігіне алғыс айтып, әкімнің сауда орталығының шатырын пайдалану жөніндегі ұсынысы жаңғырту жобасында жүзеге асатынын атады.

«Тигрохауд» базары 1992 жылы салын-

ған. Құрылыс салынған соң жөндеу жұмыстары тек 2000 жылы жүргізілді.

Базарды жаңғырту бағдарламасы аясында контейнерлер өртке қарсы, санитарлық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндей қолайлы жағдай жасалып, заманауи ғимаратқа ауыстырылады.

Жобаға салынған жеке инвестицияның жалпы сомасы 2,4 млрд теңгеден асады. Айта кетейік, бүгінде Алматыда сауда қызметін реттеу туралы заңға сәйкес 33 базар жаңғыртылды, тағы 9-ы 2025 жылға дейін жаңғыртудан өтеді.

КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС

ЖЕРҮСТІ ӨТКЕЛДЕРІ
ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Алматыда 10 жылда алғаш рет Саин және Райымбек батыр көшелеріндегі жерүсті өткелдері жөнделіп жатыр.

Мегаполис әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында қаланың Әуезов ауданындағы жөнделіп жатқан бес жерүсті өткелінің біріндегі күрделі жөндеудің жүргізілуімен танысты.

Саин көшесі мен Райымбек даңғылының өткелдері 10 жылдан астам уақыт бұрын салынған және содан бері жөндеلمеген. Бүгінгі күні оларда көтеру механизмдері мен лифтілер жұмыс істемейді.

Жоба аясында өткелдерде қыста да үздіксіз жұмыс істейтін әрі аязға төзімді тік көтергіштерді орнату жоспарлануда. Жарықтандыру бағаналары мен шамдар, ағызу құбырлары ауыстырылады және жаяу жүргіншілер өткелдерін сәулеттік жарықтандыру ұйымдастырылады. Жұмысты жаздың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Бұдан басқа, қоғамдық қауіпсіздікті арттыру мақсатында полицияның Жедел басқару орталығына шығарылады әрі бейнебақылау камераларының санын көбейту жоспарда бар.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



ЖАЙЛЫ ОРЫНҒА ЖАЙҒАСАДЫ

Былтыр жатақханалар салу жоспары екі есе орындалды

2023 жылдың наурыз айында Алматы қаласының әкімдігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі жатақхана құрылысын үйлестіру үшін жобалық кеңсесін іске қосқан болатын. Негізгі мақсат – студенттерді баспанамен қамтамасыз ету және оқу орындары мен әлеуетті инвесторларға көмектесу.

Жұмыс барысында 120 инвестор жүгінді, бұл қолдау тетігінің тартымдылығын көрсетеді. 2023 жылы жатақханалар салу жоспары асыра орындалып, нәтижесінде 3969 орынға арналған 14 нысан іске қосылды. Жатақхана тапшылығы 32,7 мыңнан 28,7 мың орынға дейін қысқарды.

Ал 2024 жылы 6 690 орынға 15 нысан енгізілмек, бұл 2 мың орынға арналған жоспардан асып түседі. 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы аясында 12 мың орынға, ал 2030 жылға қарай тағы 20 мың орынға арналған жатақханаларды іске қосу жоспарланған. Осылайша жобалық кенесінің қолдауымен Алматыда жатақхана тапшылығы мәселесі толығымен шешіледі.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Нархоз» университетіне барып, Narхоз Housing жаңа жатақханасының құрылысымен танысты. Құрылыс акционердің қаражаты есебінен жүргізіліп жатыр, жұмыс 80% аяқталды. Жатақхана жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі. Жа-

тақхана грант пен коммерциялық негізде оқитын студенттерге арналған. Ерекше қажеттілігі бар студенттерге арналған бөлмелер қарастырылған. 424 орынды жатақханада жайлы инклюзивті бөлмелер, асхана, медициналық орталық, коворкинг-аймақ, оқуға және демалуға арналған қоғамдық кеңістіктер болады. Аумақ абаттандырылып, 100-ден астам бұта мен ағаш отырғызылады, workout-аймақтар және сирек кездесетін өсімдіктері бар шатыр құрылады.

Алматыда 199 мыңнан астам студент бар, оның 62,2%-ы қаладан тыс жерлерде тұра-тындар. Бүгінде жатақхана тапшылығы мәселесін шешу үшін қосылған жобалық кеңсе өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Алматы қаласы студенттерге қолайлы жағдай жасап, жақсы өмір сүру мен алаңсыз оқуды қамтамасыз етіп келеді.

■ КЕРЕК ДЕРЕК
Алматыда 199 мыңнан астам студент бар.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ.

ӘЛЕУМЕТТІҢ АЙНАСЫ

Аула аумақтарында күрделі жөндеу жалғасуда



КЕРЕК ДЕРЕК

10 шағынаудандағы 59/1, 59 Б, 59 В үйлер 1967 және 1969 жылдары салынып, пайдалануға берілген. Соңғы рет мұнда жөндеу жұмыстары 14 жыл бұрын – 2010 жылы жүргізілген.



АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

ТҰРҒЫНДАР ДӘН РИЗА

Бір жылдың ішінде су мәселесі шешімін тапты

Алматының «Каменск үстірті» шағынауданында су тапшылығы мәселесі шешілді: тұрғындар үздіксіз сумен қамтамасыз етілді. Бұл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен салынған «Балқаш» таза су резервуарын пайдалануға бергеннен кейін жүзеге асты.



Тұрғынның бірі **Лаура Құрманғалиева** ойын айтты. «Алдыңғы кездесуде Алматы әкімі бізге, Ладушкин көшесінде тұратын тұрғындарға орталық сумен жабдықтауды жүргізуге уәде берді. Ладушкин көшесінің барлық тұрғынының атынан орындалған уәдеге ризашылығымызды білдіреміз, қазір бізге су келді. Судың қысымы жақсы, ешқандай мәселе жоқ», – деді ол.



Естеріңізге сала кетейік, Медеу ауданының жоғарғы жағын сумен жабдықтау жерүсті көздерінің әсер ету аймағында орналасқан. Бұған дейін бұл аумақ Алматы облысы Талғар ауданының құрамына кірген. 2013-2014 жылдары олар Алматы қаласының Медеу ауданына қосылды. Содан бері осы шағынауданының тұрғындарын сапалы сумен және кәрізбен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып келген. 2022 жылы ұнғымалардағы су деңгейінің 2,5 есе – 150-ден 60 м³-ге дейін төмендеуіне байланысты жағдай ушығып кетті. Содан кейін қала әкімі тұрғындарды жерасты сумен жабдықтау көздеріне қосу бойынша алғашқы ауқымды жобаны жүзеге асыру туралы шешім қабылдады.

Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың мамырында басталды. 6,9 мың текше метрге 5 резервуар, тәулігіне 7,3 мың текше метрге 3 ұнғыма салынды, 6,1 км жаңа магистральдық желі салынды. Сондай-ақ, қолданыстағы 8 ұнғыма қайта жаңартылып, жабдыктары ауыстырылды. Қосымша құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін «Көлсай», «Мұзтау» және «Юбилейный» шағынаудандарына кезең-кезеңімен су беріледі. Соның нәтижесінде төрт шағынауданның 20 мың тұрғыны тұрақты сумен қамтамасыз етіледі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Каменск үстірті» шағынауданында 8 мың адам тұрады. Соның бірі Малковтар отбасы мұнда бірнеше жылдан бері тұрады. **Татьяна Малкованың** айтуынша, су тапшылығы мәселесі әсіресе, жазда қатты сезіледі.



«Біздің алапта су қысымы әлсіреді. Адам көбейді, барлығы бақшасын суарады, су жетпейді. Біз тау суын пайдаландық, кейде біздің шағынауданға келген су таситын көліктен алып келдік. Екі жыл бұрын әкімдікте бізге жаңа су жинақтағыш құрылысының арқасында үздіксіз сумен жабдыкталады деп уәде берген болатын. Нысан уәде етілгендей тез салынды. Біз су жүргізді, қысым өте күшті, бұған өте қуаныштымыз. Қала әкімі Ерболат Досаевқа атқарған жұмыстары үшін алғыс айтамыз», – деді ол.

«Каменск үстіртінің» тұрғыны **Виталий Замараев** сумен жабдықтау берілген сәттен бастап мәселенің шешілгенін атады.



«Бұрын бізде суық сумен қамтамасыз ету проблемасы болды. Қазір ешқандай мәселе жоқ, түнде өшпейді, күндіз су үнемі болады. Барлық тұрғын қуанышты, риза. Бізде жеке үй болғандықтан, бізге су көп қажет, бақшаны суарамыз, басқа да шаруашылық жұмыстарға су керек. Қабылданған шаралар үшін алғыс айтамыз, біз қазір жайлы жағдайда өмір сүріп жатырмыз», – деді тұрғын **Виталий Замараев**.

БӘРІ СІЗДЕР ҮШІН!

Алматыда тағы бір кітапхана күндіз-түні жұмыс істей бастады

Мегполисімізде кітапхана ісін жаңғырту жұмыстары жалғасып отыр. Тағы бір кітапхана тәулік бойы жұмыс істеуге көшті. Қазір қаланың үш мекемесі 24 сағат бойы оқырмандарды қабылдауға дайын.

Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы және Alatau Creative Hub орталығының кітапханасы 2023-2024 оқу жылында оқырмандарды алғаш рет тәулік бойы қабылдады. 24/7 режиміндегі үшінші кітапхана Абай даңғылы, 141 мекенжайында ашылды. Бұл жұмыс форматы мектеп оқушылары, студенттер, сондай-ақ докторанттар арасында кең танылған. Өткен оқу жылында келушілер саны айтарлықтай өсті.

Алматы кітапханаларында техникалық база жаңарып, жайлы оқу залдары пайда болды және кітапханашылар Оңтүстік Кореяда, Германияда және Швейцарияда тағылымдамадан өтті. Барлық жағдай сіздер үшін, ілім-білім құған, кітапсүйер достар! Кез келген уақытта кітап оқуға, білім алуға келіңіздер, Алматының кітапханалары сіз үшін күндіз-түні ашық.

Нұр ЖАМАЛ.

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ!

ҚОҚЫС ТАСТАҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

Бұдан кейін арықтар мен жауын суын реттейтін желіге қоқыс тастағандарға 70 мың теңгеден астам айыппұл салынатын болады.

Айнабай
МӘДИ

Осы күні Алматыдағы арық желісінің ұзындығы – 1525 шақырым, соның ішінде көше бойындағы арықтар – 1220 км, аулалардағы арықтар – 245 км, саябақтағы арықтар – 60 шақырымды құрайды. Оның тек 168 шақырымы (11 пайыз) жасыл желекті суаруға, 1208 шақырымы жауын кәрізі ретінде пайдаланылады. Ал 424 шақырымы жөндеуді қажет етеді. Суарудың кешенді сызбасын (схема) ұйымдастыру, оның ішінде жөндеу мен арық желісінің жаңа учаскесін салу жұмыстары жүргізілуде. Бұл шаралар арық желісі арқылы суармалы алқаптың деңгейін 40 пайызға дейін арттырады.

«Арық жүйелерін салу мен жаңбыр суын жинау Алматы қаласының полиорталықтарының шеберлік-жоспарында қарастырылған. Жоба арықтардың инфрақұрылымын, қаланың жасыл желектерін суаруға қажет жаңбыр суын жинау жүйесіне назар аударылатын бас жоспар мен аудандардың ЕЖЖ сәйкес әзірленуде», – дейді «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуов.

Сәулетшілердің пікірінше, арық жүйесі Алматының ерекшелігі болып қала бермек. Арық жүйесі сарқынды суды реттеу мен ұтымды пайдалануда аса маңызды қызмет атқарады. Полиорталықтың шеберлік-жос-

парында арық жүйесі, нөсер ағыны, арналар қарастырылған. Осы заманғы нөсер кәріз жүйесі жерүсті ағынын ұйымдастыруды, реттеу мен тасымалдауды, сондай-ақ суды тазарту, ағызу мен пайдалану құрылысын қамтуы қажет. Бұл бағытта Алматы қаласының әкімдігі жүйелі жұмыс жүргізуде.

«Дамыған су бұру жүйесі мен арықтар қаланың инфрақұрылымын жақсартуға ықпал етіп, мұның тұрғындар, бизнес пен туристер үшін тартымдылығын арттырады. Тұрақты, функционалды инфрақұрылым қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Арықтарды одан әрі салу қала полиорталығының шеберлік-жоспарында қарастырылған», – деп атап өтті Асхат Садуов.

Осылайша су бұру жүйесі мен дренаж жүйесі бүкіл қалалық қауымдастықтың өркендеуіне қажетті жағдайды қамтамасыз ете келе, қаланың қауіпсіздігін, экологиялық тепе-теңдігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Былтыр күзден бастап құрылыс немесе жөндеу жұмысын жүргізу кезінде құрылыс компаниялары нөсер кәріз жүйесін жабдықтауға не қолданыстағыны ретке келтіруге міндеттелді. Бұдан бөлек, арық пен нөсер ағынына қоқыс тастаған алматылықтарға 70 мың теңгеден астам (73 840) айыппұл салынуы мүмкін.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматының дамыту бағдарламасында су басуды жою, ағаштардың суару жүйесін қалпына келтіру аясында 276 км арық желісі мен нөсер кәрізін қайта жаңарту жүргізіледі. 100 км жаңа арық желісі салынып, 25 км нөсер кәрізі қалпына келтірілмек.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалия ФАЙЗУЛЛИНА, «Тұран» университетінің туризм және сервис кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымының кандидаты:

АУАНЫ ТАБИҒИ ТАЗАРТАДЫ

2 миллионнан астам адам тұратын қала қайтадан жасыл қалаға, бақша-қалаға айналуы үшін суару жүйесі қажет. Тау бөктеріндегі ең қарапайым суару жүйесі – судың арықтардан жоғарыдан төмен қарай ағуы. Судың бөліп таратылуы өте маңызды. Алматыда арықтар логикалық тұрғыдан, функционалды қамтамасыз етілді. Оның Абай даңғылындағы басты арық екені бекер емес. Көне Алматыдан бері солай. Субұрқақ пен арық ауаны табиғи тазартады. Бұрын су ресурсы арқылы ауаны ылғалдандыру маңызды болатын. Бізде теңіз де, көл де жоқ. Бірақ бізде қала аумағынан өтетін өзендер мен арықтар бар. Сондай-ақ, арықтар бізді нөсер мен жаңбыр кезінде су басудан құтқарады. Егер арықтар таза не тазартылған болса, онда су осы арықтар арқылы өтеді. Көбін-көп сол арық көздері бітеліп қалып, қаланың төменгі жағында жаңбыр салдарынан көлшіктер пайда болуда. Арықтардың қоқыспен бітелмеуі, олардың жұмыс істеу мәселесі шешілуі үшін қаланың бірыңғай арық жүйесі, белгілі бір бақылау картасы болуы қажет. Сондай-ақ, бұл жүйе бақылануы тиіс. Арық жүйесі – қаланың символы. Арықтар – оңтүстікте орналасқан көптеген қаланың ерекшелігі. Біріншіден, сулы арықтардың болуы қатты ыстықтың болмауына себін тигізеді. Екіншіден, таза арық суы – көркем көрініс, әрі қала ауасын тазартады. Үшіншіден, арықтардың шетін безендіру, сәндеу (мысалы, Arbatfest аясында) туристер назарын аудартады. Тіпті су бұру жүйесі мен арықтар қалалар үшін маңызды рөл атқарады. Бұл жаңбыр суын бұруға ықпал етіп, қаланы судың шамадан тыс жиналуының жойқын әсерінен қорғай отырып, ықтимал су басудың алдын алады. Ағынды суды жинау мен тазарту арқылы жүйе су ресурсының ластануын болдырмауға, қалада экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.





АТАМЕКЕН

РЕЙД

БОРЫШКЕРЛЕР
ЫСТЫҚ СУДАН АЖЫРАТЫЛАДЫ

Алматының коммуналдық қызметтері жылу энергиясына қасақана ақы төлемеушілерден сот арқылы миллиондаған теңге қаржы өндіріп, қарызы толық өтелгенше оларды ыстық судан ажыратпаққа бел буды.


Айнабай
МӘДИ

Қазірдің өзінде пайдаланылған ыстық су мен жылытуға жұмсалған жалпы қарыз – мөлшермен алғанда, 2,1 миллиард теңгедей. Демек, күн сайын «Алматы жылу жүйесіне» қарызы бар бірнеше ондаған борыштар ыстық судан тыйылады. Айтарымыз, екі ай не одан көп уақыт төлем жасалмаса, тұтынушы борышкер санатына енгізіліп, қарызды өтеу қажеттігі туралы хабарлама алатын болады. Бұл ишара борышкердің үйі немесе пәтеріндегі ыстық судың өшірілетінін білдіреді.

Алда-жалда борышкер одан соң да қарызын төлемесе, басқалай шара қолданылады. Борышкерлерге ыстық су беруді шектеу – бұл амалсыз қолданылатын шара. Амалдың жоқтығынан кәсіпорын мұндай шараға баруға мәжбүр. Себебі мәлім, тұтынушының жылумен жабдықтау қызмет ақысын төлемеуі – алдағы жылыту маусымына толық дайындық пен аталған маусымнан жайлы өтуге кедергі.

Соттың талап-арызын қанағаттандыру арқылы тұтынылған жылуға берешекті өндіріп алу төлемақы төлеушінің жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, көлік құралын, сондай-ақ банктік шотын бұғаттауға апарды. Әрбірден соң борышкердің елімізден тысқары аймақтарға шығуына шектеу енгізіледі. Борышкер әрекетсіздігінен кейінгі тәртіпке сай, осындай іс-әрекеттің барлық түрінде лицензияның қолданылуы мен мемлекеттік органнан құжат ресімдеуді тоқтата тұру көзделетінін ескерген жөн.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамаға сай, коммуналдық қызметке берешектің болуы (борышкерлер туралы ақпарат «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ сұрауы бойынша беріледі) несие беру кезінде де ескеріледі. Амалсыздықтан туындаған мұндай шара тек қасақана



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда жыл басынан бері жылу энергиясына төлемақы төлемеген 1610 абонент өшірілген.
- Бүгінге дейін компанияға жылыту мен ыстық суға борыштар 1212 тұтынушының активі бұғатталды.
- 355 банктік есепшот бұғатталды, төлемін уақытылы төлемеген 165 азаматқа елімізден тысқары шығуға тыйым салынды.

төлемеушілерге қатысты қолданылады. Ыстық судан ажыратудан бастап, сотпен қудалауға дейінгі аумақтағы шараларды қолданатын компания өкілдері борыштарға міндетті түрде жинақталған қарызы жайлы хабарландырып отырады. Бұдан басқа, компания өкілдері бірқатар алдын алу шарасын да жүргізеді.

«Алматы жылу жүйесі» компаниясының қызметкерлері қарызды өндіру жұмыстарының тұрақты түрде жүргізіліп отырғанын хабарлайды. «АлЖЖ» ЖШС азаматтарды қарызын тездетіп өтеуге, коммуналдық қызмет төлемін уақытылы төлеуге жауапкершілікпен қарауға шақырады.

СОТ ШЕШІМІ

КӨЛІК ЖУУ НЫСАНЫ ЗАҢСЫЗ САЛЫНҒАН

Алматыда сот шешімімен көлік жуу нысаны сүрілді. Бекмаханов көшесінің батысында Солтүстік айналма көшесінің солтүстік жағындағы жер теліміндегі нысанды жоспардан тыс тексеру кезінде тиісті рұқсат құжатының жоқтығы анықталды.

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, бұл нысан заңсыз салынған. Басқарма аудандық сотқа заңсыз тұрғызылған нысанды бұзуға шағым түсірген. Жетісу аудандық сотының 2022 жылғы 9 маусымдағы шешімімен автокөлік жуу нысаны өз бетінше салынған деп танылды. Жакында меншік иесі (жеке тұлға) қалалық Әділет департаменті сот орындаушыларының қатысуымен нысанды ерікті түрде бұзды.

ТАУ БӨКТЕРІНДЕ ҮШ ҒИМАРАТ СҮРІЛДІ

Сот шешімімен «Көлсай» шағын-ауданындағы №2237 жер теліміндегі салынып жатқан үш ғимарат сүрілді. Алматы Қала құрылысын бақылау басқармасы осылай деп хабарлады.



аясында өткен жылдың басынан бері 38 заңсыз нысан толық, сондай-ақ жартылай бұзылған. Соның ішінде «Мечта», «КНАН», «Граф», «Алма Гарден» ТҮК, т.б. заңсыз құрылыс нысандары бар.

Әзірлеген А.МӘДИ.

ЖӘРМЕҢКЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ҚОЛЖЕТІМДІ

Бостандық ауданының әкімдігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаменті өкілдерімен бірлесіп, кісі аяғы көп жүретін «NUR» сауда үйінің алаңында аталған аудан тұрғындарының игілігі үшін мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесін өткізді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл іс-шара халық үшін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға және қолжетімділігін қамтамасыз етуге дәнекер болады. Іс-шараға Бостандық ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері, осы ауданның мемлекеттік кірістер, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, қоғамдық денсаулық сақтау, білім, ауданының полициясы, қорғаныс істері жөніндегі басқарма өкілдері, сондай-ақ кәсіпкерлік және инвестициялар бөлімі, қалалық ұтқырлық басқармасы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Бостандық ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы өкілдері қатысты. Ауданның «Бақытты отбасы», «Тең қоғам», «Шыңға өрлеу» сынды әлеуметтік орталықтар да атсалысты.

Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесіне 180-ге жуық адам қатысты. Бостандық ауданының тұрғындары өздерін толғандырып жүрген түрлі сауалдарға мамандар тарапынан жауаптар, пайдалы ақпараттар алды. Дәлірек айтсақ, мемлекеттік қызмет көрсетудің 40 түрі бойынша кәсіби кеңестер берілді. Айта кету керек, бұл акция жыл сайын өткізіледі.

– Басты мақсат – қала тұрғындарын түрлі әлеуметтік және мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар ету. Бұл бұл акцияны осымен бесінші мәрте өткізіп отыр. Азаматтарға арналған мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесінде тұрғындар мамандардан кеңес алды. Оларға жол көрсетілді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді онлайн және офлайн форматта алу процесі түсіндірілді, – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қалалық департаментінің бас маманы Гүлім Төрехан.



КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАҒАЛАУҒА ЖАН БІТЕДІ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында қаланың Алатау ауданындағы Боралдай өзенінің бойындағы жасыл аймақты абаттандыру барысымен танысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша жақсы демалысты қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында Боралдай өзенінің бойында абаттандырылған жаяу жүргіншілер аймағы бой көтереді. Жаңа қоғамдық кеңістік, ең алдымен, 60 мыңнан астам адам тұратын «Саялы», «Зерделі», «Көкқайнар» және «Әйгерім» шағынаудандарының тұрғындары үшін тартымды орынға айналады.

Қала басшысына Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков баяндағандай, жобаға сәйкес осы аумақта қоқыс жәшіктері, орындықтар, сыртқы жарықтандыру бағаналары, автокөлікке арналған тұрақтар орнатылды, суару жүйесі салынып, айлақ жабдықталған. Қала тұрғындарының демалысы үшін футбол және баскетбол алаңдары, теннис үстелдері, скейт тебу алаңы салынды.

Жергілікті тұрғындармен кездесуі барысында әкімге демалуға жағдай жасағаны үшін алғыс білдірді.



«Бізді қалаға кірдік. Бір кездері Қаскелеңге қараушы едік. Мұнда 36 жылдан бері тұрамын, бірінші рет халық үшін осындай ауқымды жұмыс жасалуда. Бізге малдан қорғану қажет, біз өзіміз мал ұстамаймыз. Бірақ жақын маңдағы шағынауданның тұрғындары малын жібере салады. Бізге тәртіпті бақылайтын бақылаушы керек», – деді жергілікті тұрғынның бірі әкімге.

Қала басшысы Ерболат Досаев аумаққа периметрі бойынша бейнебақылау камералары орнатылатынын атап өтті.

«Алатау ауданында демалушылардың тәртібі мен қауіпсіздігін сақтау үшін қосымша 900 бақылау камерасы орнатылады», – деді аудан әкімі Азамат Қалдыбеков.

Сондай-ақ, жағалау аумағында жақында жергілікті тұрғындардың

өтініші бойынша екі қоғамдық дәретхана ашылады.

Жалпы, абаттандыру бойынша жобаны жүзеге асыру барысымен танысқан Ерболат Досаев жұмыстың сапасы жөнінде бірқатар ескерту айтып, барлық кемшілікті пысықтауды және нысанды ақау жойылғанға дейін теңгерімге қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар, Ерболат Досаев Алматыда жайлы қалалық орта құру бойынша белсенді жұмыс жалғасатынын атады.

Естеріңізге сала кетейік, мегаполисте Наурызбай ауданындағы Қарғалы өзенінің жағалауын қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жетісу ауданында жалпы ұзындығы 1200 метр Есентай өзенінің жағасында құрылыс жұмыстары басталды. Қайта жаңғырту аясында өзен арнасы тазартылып, серуендеу аймағы құрылады.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСЫ
қайта жалғасып жатыр

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Әуезов ауданын аралады. Осы аудандағы жарты ғасыр бұрын салынған 1200 орынды №9 мектеп ғимаратына 2023 жылдың ақпан айында күрделі жөндеу жұмысы басталған болатын. Жоспарлы құрылыс-монтаж жұмыстары бір жылдан кейін аяқталуы керек еді. Алайда, мердігер ұйым шартта белгіленген мерзімге сәйкес келмеді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазір басталған жұмыстың тек 85%-ы ғана орындалған. Осыған байланысты құрылыс басқармасы мердігерге қатысты оны мемлекеттік сатып алуға қатысы бар жауапсыз деп танып, 3 млн теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін сотқа талап-арыз берді.

Аудандағы жұмыс сапары барысында қала басшысы №9 мектеп ғимаратына арнайы аялдап, ондағы күрделі жөндеу және сейсмикалық нығайту жұмыстарымен танысты. Алматы қаласының әкімі мердігерге кіреберісті кеңейту, арық жү-

йесін ұйымдастыру және спорт стадионының негізін қайта құру сияқты жұмыстарды тиянақты жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар, қала әкімі Ерболат Досаев мердігерге жаңа оқу жылы басталғанға дейін жұмыстарды жедел әрі сапалы аяқтауды тапсырды. Қолданылып жатқан материалдардың сапасына және мектептің заманауи жабдықталуына ерекше назар аударды.

Қазіргі уақытта мектептің аумағын абаттандыру, спорт залы мен асхананы безендіру жұмыстары жалғасып жатыр. Бұған қоса, бейнебақылау камералары мен өрт қауіпсіздігі датчиктерін орнату керек.

АЛМАТЫ ЖОЛДАРЫ



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

КЕПТЕЛІСТІ АЗАЙТАДЫ

Саин-Мөңке би жолайрығындағы көлік қозғалысы шілде айының соңында пайдалануға беріледі

Мегаполис әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданын аралау барысында жол инфрақұрылымын дамыту қарқынымен танысты.

Сала мамандары шаһар басшысына Саин мен Мөңке би көшелерінің қиылысына жолайрығын салу, сондай-ақ, Рысқұлов даңғылынан салынып жатқан жолайрыққа дейін Саин көшесін тесу жұмыстары туралы баяндады. Мәселен, «беде жапырағы» типі бойынша жолайрығын іске қосу БАКАДҚА шығу кезінде екі үлкен магистральға көлік жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Жобада ұзындығы 2,3 шақырым тротуарлар мен веложолдарды орнату көзделген.

Бүгінгі күні инженерлік желілерді шығару, тоннель мен рампаны бетондау жүргізілді, сьездерді орнату, жарықтандыру, сьездерді асфальттау және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, ұзындығы 3,2 шақырым болатын Рысқұлов даңғылынан Саин көшесі бойында салынып жатқан жолайрығы бағытында тесу жұмыстары жалғасуда. Құрылыс Момышұлы көшесінен көлік жүктемесін 30%-ға төмендетіп, Рысқұлов даңғылының оңтүстігінде және Мөңке би көшесінің солтүстігінде Саин көшесінің учаскелерін қосуға арналған.

Жолды әр бағыт бойынша тротуарлармен және велосипед жолдарымен үш жолақ салу жоспарлануда. Қазіргі уақытта 66 жер учаскесінің 65-і сатып алынды. Инженерлік желілерді қайта құру, жер төсемінің, тротуарлар мен веложолдардың негізін салу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобаның аяқталуы ағымдағы жылдың соңына дейін жоспарланған.

Ерболат Досаев нысандардағы жұмыстарды жеделдетуді және шілде айының соңында жолайрығында жол жүруді қамтамасыз етуді тапсырды.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

Сақтансаң, сақтайды



Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы мен Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шараға Алматы қаласы Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы м.а. Батырхан Сүлейменов, Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығының директоры Серік Әубәкіров, «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Андрей Шовкопляс қатысты.

– Бүгін өзара ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумға жаңадан құрылған Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы, Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығы және Алматы қаласын дамыту орталығы қол қойды. Біздің халықаралық ұйым Орталық Азия елдерінің Төтенше жағдайлар министрліктерін байланыстырады. Оның ішінде сейсмикалық қауіпсіздікке мониторинг жасау жүйелерін өзара байланыстыру бағытында жұмыс істейміз. Бұл жер сілкінісі туралы алдын ала хабар таратуға мүмкіндік береді. Әкімдік осы жұмысымызды ескере отырып, меморандум жасауды ұсынды. Біз оны қолдап, маңызды құжатқа қол қойдық. Ол өзара ғылыми, техникалық мәліметтермен алмасуға, халықаралық жобаларға бірге қатысуға мүмкіндік береді, – деді Төтенше жағдайлар және табиғи апаттар қаупін азайту орталығының директоры Серік Әубәкіров.



ҚҰПИЯ ӘЛЕМ

Жер бетінде түс көрмейтін адам болмайды деседі. Ғалымдардың зерттеуінше, 8 сағат ұйқының шамамен 90 минутында, яғни 20 пайызында адам түс көреді екен. Жалпы, ұйқы – сезімдер басылып, жүректің тыныштықтық тапқан кезі дейді. Бірақ ұйықтап жатып та тыншымай түс көретініміз неліктен? Ғалымдар тарапынан түстің мәнін ашуға ғылыми тұрғыда қандайда бір талпыныстар жасалғанымен, оның сыры толық ашылмаған деседі.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

МӨҢКЕ БИДІҢ ТҮСІ

Дегенмен, болашаққа болжам жасап беретін түстердің болатынын жоққа шығармайды. Оған тарихи ұлы тұлғалардың көрген түстерінің өңінде шындыққа айналуды нақты дәлел. Қазақ халқында «Абылай ханның түсі», «Жәнібек батырдың түсі», «Мөңке бидің түсі», «Балуан Шолақтың түсі» дейтін аңыз-әңгімелер бар. Мәселен, Мөңке би түс көріп, оны Сырым батырға жорытпақ болады. «Бір жолы бәйгеге 40 ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. 30 ат қостым, біреуі де келмеді. 5 ат қостым, солардың біреуі ғана аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Өлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түлкі шықты. Түлкіні жарғанда, інінен қоян шықты. Кәне, жорып берші!», – дейді Мөңке би. Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарады. Қыз Сырымға: «Түсті жездене, жиеніңе және әйелге жорытпа», – деген сөз бар еді. Сонда да айтайын. Түс адал, қияли және шайтан түс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ оның шешуі мынадай: 40 ат дегеніміз – мұсылманның 40 парызы орындалмай қалатын заман болады екен; 30 аттың бәйгеден келмей қалғаны – 30 күн ораза ұстамайтын заман туатын шығар;



ТҮСІМДЕ БІР ІС КӨРДІМ...

5 аттың төртеуі келмей, біреуі келгені – бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны – кісінікін тартып алып, ұрлап жейтін зорлықшыл заманның туатыны шығар, түлкі шыққаны – алдаушы мен арбаушы көбейетін, түлкідей бұлаңдаған заманның күтіп тұрғаны шығар; қоян шыққаны – ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар», – деген екен. Қалай десек те, түс те – тылсым, құпия бір әлем.

ШАЙТАН ОЙНАҒАН ӘУЕН

Түнде біз ұйықтап жатамыз, бірақ миымыз бұл кезде өте белсенді жұмыс істеп жатады деседі. Ұйқы кезінде денеміз өз күшін қалпына келтіріп қана қоймай, түс көріп те үлгереді. Иә, зерттеулерге сүйенсек, түс адам ағзасы үшін өте маңызды. Өйткені, адам ұйқыға кеткенде ми көру қыртысының жұмысын тоқтатпай, түс көру арқылы белсенді формада ұстайды.

Италияның XVII ғасырда өмір сүрген композиторы Джузеппе Тартини бірде түсін-

де скрипкада ойнап отырған шайтанды көреді. Шошып ояңған ол скрипкасын қолына алып, құлағында қалған әлгі шайтан ойнаған әуенді қайталап тартып, қағазға түсіре бастайды. Сол туындысы кейін оның ең үздік шығармаларының қатарына қосылған.

Ағылшынның ұлы жазушысы Чарльз Диккенс те өз кейіпкерлерін түсінде көретін болған. Сол кейіпкерлерінің басынан өткен оқиғаларды ертеңіне асықпай отырып ақ паракқа түсіретін болған.

Түс жору Египет, Үнді, Ежелгі Греция, Римде орта ғасырлардан бастау алған деседі. Ал біздің бабаларымыз: «Түс қорғасын тәрізді балқып тұрады. Қалай жорыса, солай болады», – деген екен. Мына қызықты қараңыз, түс жорушылары: «Адам ұйқыға жатар алдында бақытты сәттерін, алғашқы махаббатын еске алып, түсінде сол бал дәуреніне оралып қайтса, таңертең жасарып, тың күш-қуат алып, сергек оянады, тіпті бетінің әжімдеріне дейін жазылып тұрады», – дейді. Ол да мүмкін. Жалпы, жақсы сөз сөйлеу, жақсы ой ойлау – мұның бәрі баянды өміріміздің кепілі болары сөзсіз.

ТОҚСАН ТОҒЫЗ ТҮС

Ұйықтар алдында артық тамактансаңыз да да жайсыз түс көруіңіз ғажап емес. Бұл – ғылыми дәлелденген. Тіпті, бір ой төңірегінде көп ойлана беретін болсаңыз да, сол ой түсіңізге де еніп, шешімі табылмай мазалап жатады. Бір сөзбен айтқандай, сөзді саналы түрде басқара алмаймыз. Ішімдік те теріс әсер етеді. Адам мас күйінде ұйықтап жатқанда да оның ағзасы этанолды бейтараптандырумен айналысады, ал ағза үшін бұл – стресс. Сондықтан мұндай әдет те қорқынышты түс көруге әсер етуі мүмкін.

Иә, аян беретін түстердің болатынын да ғылым жоққа шығармайды. Әдетте адам ұйқыдан ояңған соң, 5 минуттан кейін түсінің жартысын, ал 10 минуттан кейін небәрі 10 пайызын ғана еске түсіре алады екен. Негізі, көрген түсіңізді ұмытып қалған жақсы деп жатады.

Айтпақшы, данағөй ата-бабаларымыз 99 түсті айнытпай жорыған деседі. Халқымыз белгілеріне қарай түс 7 сағатта, 7 аптада, 7 айда немесе 7 жылда өңін айналып көрініс береді деп сенген. Сол үшін де жақсылыққа ырымдап, кейді тіпті ешкімге айтпай ішінде сақтаған.

facebook

ТҮСКЕ СЕНЕСІЗ БЕ?

Біз осы сауалды Facebook парақшамызға салып, оқырмандарымызға қойған болатынбыз. Жауаптарын бірге оқып көрейік.

Жамал ТӘЖМАҒАНБЕТТЕГІ:

– Ойын баласымын. Әжемді жерлеген түні түс көрдім. Түсімде екі қолына екі дәу чемодан ұстап алған әжем «көмектесейін» деп ұмтылған мені «қал, бар үйге» деп кері итеріп жіберіп, қараңғылыққа сүңгіп жоқ болып кеткен.

Көп ұзамай әкем, одан соң ағам қайтыс болған. Кейін есейген шағымда естідім, қайтыс болған адамның үйден сабақты ине де алмауы керек дегенді. Сонда әжем өзімен бірге екі адамды адып кетті. Содан бері түсімнің бәрі тура келеді. Кейде қорқып та қаламын түстерімнен. Бірақ ешкімге айтпаймын.

Жанара ЖЫЛАНДЫ:

– Түске сенемін. Менің де түстерім өңімде тура келеді және қай түсім аян екенін интуитивті түрде сеземін.

Гүлзира СЕРҒАЗЫ:

– Аяңдар мен түстер... Дағдылы болып кеткелі қашан?!

Сандуғаш АЛИМАНОВА:

– Жайсыздау түс көрсем, жаным шырқырап кетеді. Жақсыға жоруга тырысамын. «Түс – белгі, сақтандыру» дегенге сенемін. Бірнеше жағдайлар болған...

Майра АЙТУАРҚЫЗЫ:

– Түстердің аян беретіні рас. 2009 жылы 7 мамырда түсімде тісім түсіп қалды, артыныша анам қайтыс болды деген хабар алдым. 2001 жылы 21 мамырда әкемді жерлеген күні түнде түсімде әкем есік алдындағы арықтың қасында жатыр екен. «Майра, үстіме көрпе жауып, басымды көтеріп биіктеу жасатықпен» деді. Таңертең молда айтты, тездетіп қоршау жасап, көктас қоя керек басына деп. 2023 жылғы желтоқсан. Астанада Президентпен болған «дөңгелек үстел» жиынына қатысып, бәрімен қол алысып жүр екенмін. Артыныша ойламаған жерден қызметім бойынша марапатталатын болып, Елордадан бір-ақ шықтым. Тағы бірде қайын атам аулаға кеп, жолдасымның көлігін шұқылап жатыр екен. Артыныша артқы жағынан үлкен «бетономешалка» соқты. Өзі аман әйтеуір, салоннан алған көліктің быт-шыты шықты. Жалпы, көрген түсімнің бәрі сол қалпында келеді. Сондықтан түс көруден қорқамын.

Гүлжан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ:

– Сол түстерден шаршап жүрем өзім. Көбіне жайсыздау түстер көремін. Сол болып жатады.

Күлзния БАЛҚЫБАЕВА:

– Түстерге сенемін. Бұрын көп көретін едім, намаз оқығалы сирек көремін, жақсы болып қалдым.

ТҮЙІН:

Түсті екінің бірі, егіздің сыңары жорымайды деген де сөз бар. «Түстің жақсылыққа айналуы көрушіден емес, жорушыдан» деген бекер айтылмаса керек. Сондықтан әр нәрсені жақсылыққа балап жүрейік!






ҚАРАШАҢЫРАҚ

ТАТУЛЫҚ пен БІРЛІК

табысты мемлекет болудың кепілі



Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Біздің мақсат – шаңырағымызды биіктетіп, ел іргесін бекем ұстап, төрт құбыласын тең етіп жұмақ мекенге айналдыру. Осы жолда бірлесіп қызмет істеу баршаға абыройлы міндет.

(Сурет: Pictures.pbig.info)

Қазақстан 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Содан бері әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танылып келеді. 1995 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Міне, содан бері түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық, татулық, ауызбіршілік салтанат құрып келеді. Ел арасында «бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай» ұйысып қызмет қылып тату-тәтті ғұмыр кешкенге ештеңе жетпейді.

Әр ел өзінің қандай екенін сондағы халықтың күн көру дағдысына қарап білетін көрінеді. Егер ондағы халық парасатты қоғам құра алса онда болашағы жарқын болады деген сөз. Бұл әбден дәлелденген теорема.

Дамыған елдер өзінің әр азаматына мән береді. Оның еш қамсыз өмір сүруіне қызмет қылады. Бәрімен терезесі тең болып ғұмыр кешсін десе, ұлтаралық татулықты сақтауға аса мән береді. Өйткені, мемлекет құраушы ұлтпен өзге этностар өздерін өгей көрмеуі тиіс. Егер бәрі тыныш болса, қоғам құлашын кең жаятыны анық.

Қазақстанда әркімнің құқығы заңмен қорғалған. Мұндағы тұрып жатқан әрбір жан өзінің мәртебесі Конституцияда жазылғанын білгені абзал. Ата Заңда әр отандасымыз өз мүмкіндіктерін пайдалануға толық негіз берілген. Сондықтан қоғам мен мемлекет тыныштығын сақтау әрбірімізге парыз. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов «бірліктен айырылған ел қаңғып қалады» дейді. Осы бір қағида ХХІ ғасырда айнымайтын ұстанымға айналса екен.

Қазір интернеттің дәурені салтанат құрып тұр. Әсіресе, WhatsApp, Instagram, Facebook, TikTok әлеуметтік желілерінің ақпарат тарату қарқыны күшейді. Медиа-ның кез келген түрін қолданып, «бірлік», «татулық», «ынтымақ» сөздерінің қадір қасиетін елге түсіндіре білген абзал. Түптің түбінде берекелі қоғамды құрайтын ол – бәріміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері,
«Парасат»
орденінің иегері:

ОТАНҒА АДАЛДЫҚ – ОТБАСЫНАН

Қазақстан қаншама ұлт пен ұлысқа пана болып отыр. Көптеген игі жақсы істер жүзеге асып келеді. Ел дамып, берекесі арту үшін бәріміз аянбай еңбек етуіміз керек. Сонда ғана берекелі қоғам құрылады.

Қазақ халқы сонау қиын жылдары ешкімді бөліп-жармады. Сталин жылатқан халықты қазақ жұбатты. Сондықтан қиын-қыстау кезеңде өзге жұртқа қолын созған қазағымнан айналдым. Ел арасында «өткенді ұмытсаң, келешек саған тас атады» дейді. Біз шежіремізді есте ұмытпайық. Неғұрлым өз арамьзда бірлікті сақтасақ, ұтарымыз көп. Төңіректегі текетіреті көріп-біліп отырмыз. Заман теңселіп тұрған шақта, тыныштықты сақтай білейік. Ел мұраты – әділ, берекелі, бай-қуатты мемлекетке айналу.

Дәп қазіргі сәтте бізге керегі – жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондай-ақ, ұлттық мүддені ескеріп, алға жылжу керек. Қазақ «Төртеу түгел болса – төбедегі келеді, алтау ала болса – ауыздағы кетеді» деп тәмілдейді. Тегі рас сөз. Бізде «тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік болуы керек» деген болар едім. Осы сөзді жиі айтып келемін. Ата-бабаларымыздың ұстанған жолы «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» еді. Ендеше, осы даңғылмен жүрсек, нұр үстіне нұр.

Елдің арасынан патриот жастарды көтеру қажет. Ұлттық тәрбие, сапалы білім алған жас өреннің ел-жұртқа берері көп болады. Барлық нәрсе өмір тәжірибеге байланысты. Ұлтқа жаны ашитын маманнан тұлға шығады. Ал тұлға ұлтаралық дұрдараздыққа жол бермейді.

Қазақстанда тіршілік етіп отырған орыс, корей, неміс, грек, шешен, бәрі-бәрі осы Отанның азаматы. Әрбірі ұлтына, дініне қарамай Отанға адал қызмет етсе дейміз. Қиын уақытта бәрімізге пана болған жерұйық мекенді қастерлей білейік, ағайын!

Әлімжан ХАМРАЕВ, ҚХА мүшесі,
филология ғылымының докторы:

АЛТЫН ДІҢГЕК АМАН БОЛСЫН!

Бізге Отан – ортақ. Туған жер – бір. Ендеше, кім болсақ та, Қазақстанды гүлдендіруге атсалысу – парыз. Өзіміз әдебиет саласын зерттейміз. Гуманитарлық ғылым болған соң, адамзат ақыл-ойының кемеңгерлігін қажет етеді. Сонда әлем әдебиетіне зер салсаңыз, бірлік, ынтымақ, елдің ұйысып тірлік қылуы туралы көп айтылады. Ежелгі Рим әдебиеті, орыс көркем әдебиеті, бәрі-бәрі түрлі сындардан өткен. Мұны ақиық ақындар, белгілі жазушылар талай мәрте жырлап жазған. Әлі де өткенді жазу толастамас.

Біз болашақты ойласақ татулықты ту етейік. Отанға сапалы кадр керек. Қай заманда да кадр бәрін шешкен. Мейлінше, патриот жастар шоғырын қалыптастырып шығарайық. Біздің жас азаматтар өткеннен сабақ алып, бүгінгі ісіне адал болып, болашаққа нық қадам басқаны жөн. Ол үшін «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» бірлесіп еңбек етейік.

Әрдайым береке бірліктің ұйытқысы болып отырған қарашаңырақты қастерлейік. Біз үшін жұмақ мекен – Қазақстан. Қала берді, күллі түркі әлемінің қарашаңырағы да осында. Алтын діңгек аман болсын. Ең теңдессіз дүние – ынтымақ. Ертеде «бақ қайда барасың дегенде – ынтымақ-қа барамын» деген екен. Бақ-берекеміз артып, ынтымағымыз арта берсін.




Алина КАН, ҚХА,
қоғам белсендісі:

ҚҰРМЕТІМ ШЕКСІЗ

Қазақстанда қаншама ұлт өкілдері өмір сүреді. Бәріміз тату-тәтті тіршілік етіп келеміз. Ешкімді бөліп-жарып жатқан жоқ. Бірлігіміз жарасқан. Оқимын, тіл үйренемін, кәсібімді ашамын деген адамға жол ашық. Барынша адал іс бастап, әуелі отбасына, содан кейін қоғамға әсер ететін десеніз, құба-құп. Осындай жағдаяттарды ескеріп, бұл – біздің берекелі шаңырақ демекпін.

Өз ұлтым – неміс. Күйеуім – корей. Ұлымды қазақи менталитетпен тәрбиелеймін. Біздің отбасымыз – интернационал. Бірақ жанұяда барынша қазақша салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұстанамыз. Мұның бәрі Қазақ еліне деген ізгі құрметтің нышаны. Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің алғашқы сәтінен бастап ұлтаралық татулықты сақтауға, әркімнің өз мәдениетін жандандыруға, келелі істердің ұйытқысы болуға тырысып келеді. Сондықтан ҚХА атқарып отырған кәделі істері көп дер едім. Біз бүтін ел бойынша қазақ тілін жандандыруға атсалысып келеміз. Өңірлермен тығыз байланыстамыз. Ендігі меже бейбітшілікті сақтап, тұрмысты түзеп, берекелі қоғам құру деп білеміз. Басқа жаққа саяхаттап барсақ, елге келгіміз келіп тұрады. Бізде жылы жүзді жандар көбірек. Ең негізгісі, өзара сыйластық сақталған. Ұлтаралық бірлікті мығым етіп тұрған, ол – өзара сыйластық. Ал көптеген сырт елдерде кісіге көмектесу, бірін-бірі демеу деген жоқтың қасы. Бұрынғылар «қолда барда алтынның қадірі жоқ» депті. Түсінген жанға түспалдап біраз дүниені аңғартып тұр. Мерейіміз үстем болсын!



Светлана АНАНЬЕВА, ҚХА мүшесі,
филология ғылымының
кандидаты:

РУХАНИ БАЙЛЫҚҚА ҰМТЫЛУ ҚАЖЕТ

Отанымыздың дамуы – біз бен сізге байланысты. Егер адамдар арасындағы сыйластық мықты болсын десек, жанұяның ауызбіршілігіне мән берейік. Өйткені, сәби дүниеге келгенде ұлтын, ділін, тегін білмейді. Періште кейпінде келген бала ақыл-есі толығып барып бәрін түсінеді. Сондықтан балабақша, мектеп, университет қабырғасында жақсы білім мен тәрбие көрсе келешекке дайын болады. Ең бастысы, жақсы адам, содан кейін білікті маман болғаны дұрыс. Қай істе де бірлік керек. Кім болсақ та, өз саламыздың ықпалды адамына айналсақ екен. Мәдениетті қалыптастыратын адам. Ал өркениетті өркендететін оның біліктілігі деп білеміз. Сол себепті, бұл дүниенің бар игі-жақсысын көру өз қолымызда. Тек рухани баю басты назарда болғай.



Ақын Қадыр Мырза-Әлі «Біз – тарихы қалың елміз» депті. Бұл сөздің астарында талай мән бар. Расында, Қазақстан қаншама ұлт пен ұлыс өкілдеріне құтты мекенге айналды. Асан қайғы бабамыз іздеген «жерұйық» осы кез деп білеміз. Біздің береке-бірлігіміз арта береді. Шуақты күндеріміз көп болсын!

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



КӘСІП

ӘН-ЖЫР ДА КӨҢІЛДЕРДІ ЕМДЕЙДІ

Түркістан облысының Сайран ауданындағы Қарабұлақ ауылының тұрғындары Бабур Юсанович, Бунет Ерметов, Рахымжан Қуанышбекұлы атты үш дәрігер азамат халыққа сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында клиникалық шипажай құруға шешім қабылдайды. 2022 жылы Қарабұлақ елдімекенінен ағып өтіп жатқан Арыс өзенінің жағасынан құрылыс жұмыстарын бастап кеп жібереді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Өзара келісе отырып, шипажайдың директоры етіп Бабур Юсановичті, қаржылық жұмыстарын жүргізуге Рахымжан Қуанышбекұлын белгілеп, білек сыбана іске кірісіп кетеді. Шипажайдың атауын «Атлант» деп атайды. Көп ұзамай шипажай құрылысы аяқталып, емделушілерді қабылдау басталып кетеді. Бір мезгілде 170 адамның демалып емделуі үшін 3 қабатты зәулім ғимарат бой түзейді. Өрбір жатын бөлмелері үш кісіден орналасуға есептелген.

Емделуге түрлі созылмалы аурулар, мүгедек қарт кісілер және жасөспірімдерге арналған барлық қажетті инвентарлармен, емдеу үшін электр құралдарынан құралған ванна, кварц, солюкс, вибрациялы массаж, циркуляр-

лы душ, парафин, қолдан массаж жасау сияқты барлық клиникалық емдеу жұмыстары ескеріліп, білікті мамандар іріктелді. Келешекте бір кісілік, екі кісілік жатын бөлмелер мен бассейн құрылысы жоспарланып отырған көрінеді. Шипажай айналасына түрлі гүл, жеміс ағаштары және арша, шырша ағаштары егілген. «Атлант» табиғаты өте әсем Арыс өзенінің биік жотасында жайласқандықтан да айналасы көкпеңбек, алыстан менмұдалап қол бұлғап тұрғандай Қарабұлақ ауылынан оңтайлы оқшау жерде орналасқан.

Бас-аяғы бір жыл көлемінде шипажайдың атағы республика көлемінде кең таралып, қазіргі күні Астана, Алматы, Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Жамбыл, Шымкент облыстарынан

шипа іздеген қамкөңіл мүгедек кәрі-жас ағылуда. Оларға білікті мамандар мінсіз қызмет көрсетуде. Дәрігерлерден Бунет Ерметов, Бекзат Мавлянов, диетолог Фаризада Анарқұлқызы, регистраторлар Кемелбайқызы, Рахымжан Қуанышбекұлы, Мафтуна Гүлчехра, иглотерапевт Мұроджан Абдусаттарұлы, УДТ қызметкері Әлімқұлова Севара, аға мейірбике Усманова Хилола бастаған медбикелер абыройлы қызмет етіп, ел алығысына бөленіп жүр.

Жуырда демалушылар, яғни алматылық Сәділла Таңатаров, қарағандылық Файзулла Ермекбаев, шымкенттік Ергешали Ибрагимов, Гүлзейнеп Жанкурова шипажай басшыларының қабылдауында болып, пікірлерімізбен бөлісіп, ұсыныс-тілегімізді жеткіздік. Ел үшін жасап жатқан игілікті істердің бұдан да жақсы болуына тілектестігімізді білдірдік.

Мысалы, демалушылардың түрлі созылмалы ауруы, атап айтсақ, асқазан, ішек, бауыр, өт, бүйрек, жүрек және қант диабеті болғандықтан, жалпы тамақтануға белгіленген столдарға қосымша диагноздарына қарай столдар белгіленсе дейміз. Мәдени іс-шаралар кезінде «Қара жорға», «Қамажай» сынды ұлттық билер қойылса, күй, терме, казак, өзбек жырлары жырланса. Демалушылардың ішіндегі талантты кісілерді сахнаға шығарып, өлең оқытып, күй, домбыра тартқыза, ол да көңілдерді серпілтері сөзсіз. Көнекөз қариялармен сұхбаттар, кездесулер ұйымдастырылып тұрса дейміз. Бұл бір жағынан, демалушыларға дем береді, ал жастарға ұлағат болады. Ал «Атлант» шипажайына елге мінсіз қызмет ете беруіне тілекшіміз.

Сәділла ТАҢАТАРОВ,
еңбек ардагері.

ҚОҒАМ

ВЕЙПКЕ РЕСМИ ТҮРДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Сонымен электронды шылым шегетіндер азая ма?

19 сәуірде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойған болатын. Заң 20 маусым күні күшіне еніп, еліміздің барлық өңірлерінде вейп сынды электронды шылымды сатуға тыйым салынды.



Досбол
АТАЖАН

Заң жобасындағы өзгерістер бойынша рұқсат етілген жерде вейп шеккен адамдар жазаланбайды. Бірақ оны сатқан, таратқан немесе елге әкелген тұлғалар заң алдында жауап береді. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің 301-1-бап 1-бөлімде вейптерді сатқаны және таратқаны үшін жаза қарастырылған: 200 АЕК-ке дейін айыппұл (2024 жылы 738 400 теңге) не 200 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстар, не 50 тәулікке дейін қамауға алу. Ал баптың 2-бөлігінде вейптерді әкелгені және өндіргені үшін 2 мың АЕК-ке

дейін айыппұл (2024 жылы 7,3 миллион теңге) не 600 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстар, не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу/айыру жазасы қарастырылған.

Ал қылмыс топпен бірнеше рет жасалып, аса ірі көлемде табыс алумен байланысты болса, жаза қатандайды: 5 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл (2024 жылы 18,4 миллион теңге) немесе 1200 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу/бас бостандығынан айыру.

Вейп шегуге тікелей тыйым салынбағанымен, рұқсат етілмеген жерлерде вейп шегу үшін темекі шегумен бірдей

айыппұл салынады – 3 АЕК (2024 жылы 11 076 теңге).

Жастар арасында белең алған бұл індеттің тамырына заң арқылы балта шабылғандай көрінгенімен, мамандар вейптердің таралуы бір күнде тоқтай салмайтынын айтады. Алматы қаласында «Вейпсіз жастық шак» әлеуметтік жобасын іске асырып жүрген жоба жетекшілерінің бірі – Эльвира Ватлина жүргізілген сауалнама негізінде жастардың бір бөлігі электронды шылымды «қара базардан» алса, бір бөлігі дәстүрлі шылымның түрлеріне ауысуы мүмкін екенін айтады.

– 2023 жылы желтоқсан айында «Вейптерге заңмен тыйым салынса, ары қарай не істейсіздер» деген тақырыпта сауалнама жүргіздік. Оған 900 қатысушы болды. Қатысушылардың жас шамасы 14 пен 19 аралығында. Қатысушылардың 3/1 бөлігі вейптерді «қара базардан» алатынын айтқан. Ал қалған бөлігі шылымға ауысуға ниетті екендерін көрсеткен. Жалпы, электронды шылымды немесе темекіні толықтай тастауға дайын адамдар бірен-саран. Өйткені, вейп шегетін адамдардың көпшілігі оған дейін дәстүрлі шылымды қолданғандарын айтады, – деді «Қазақстан Балалары қоры» қоғамдық қорының директоры Эльвира Ватлина.

Ал «Вейпсіз жастық шак» жобасының жетекшісі Марат Сайбеков вейптің қоғамда таралуы түбегейлі тоқтауы үшін ата-аналар балаларын қатаң бақылауы керек екенін айтады.

– Есірткіге заң жүзінде тыйым салынса да, оның таралуын толықтай тоқтату мүмкін болмай отыр. Сол секілді, вейптерде бір күнде жойылып кетпейді. Кей дүкендер шынымен жабылса, кейбірі жасырын сауда жасауды жалғастырады. Сондықтан вейптің ары қарай таралмауына бәріміз атсалысуымыз керек. Электронды шылым, әсіресе, жастар арасында танымал. Сондықтан ата-аналар өз баласының немен айналысып жүргенін бақылауы қажет, – деді ол.

ТАРИХИ ТАНЫМ



КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ҰЛЫ ОЙШЫЛ

М.Х.Дулатидің 525 жылдық мерейтойына орай
«Дөңгелек үстел» өтті

Философия, саясаттану және дінтану институты «Мұхаммед Хайдар Дулатидің діни-философиялық көзқарастары» тақырыбында республикалық шара болып өтті. Бұл жиын «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» ғылыми іргелі зерттеулерді жүзеге асыру аясында өткізілді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Дулати Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар (1499–1551) – әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаһан наме» дастанының авторы. Көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтың тұңғыш тарихшысы, философы, ғұлама ақын, дипломат, әскери қолбасшы және ол қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі, ойшыл ғалым. БҰҰ-ның шешімі бойынша 1999 жылы М.Х.Дулатидың 500 жылдығына арналған арнайы конференция өткізілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Республикалық «Дөңгелек үстелдің» мақсаты – Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірбаяны аясындағы дәуірдегі түркі ойшылы ретіндегі діни-философиялық және ғылымдағы танымды ой-пікірлерін, көзқарастарын талқылау арқылы заман талабына сай пікірлерді талдау, сонымен қатар қазіргі Қазақстандағы әділеттілік қағидаттарын орнықтыру мен насихаттаудың тарихи және идеялық бастауларын анықтау.

– Біз өткенімізді ұмытпауымыз керек. Философия дегеннің өзі аналитикалық талдау жасау дегенді білдіреді. Демек, оның ортағасырлық ілімдарлардың еңбегіне философиялық көзқараспен қарап, пайымдай білген жөн. Керек десеніз, цифрландырудың да пәлсапасы бар. Қазақ өзінің фольклорын, тарихын, әдебиеті мен философиясына дендей алса һәм оны терең зерделесе көптеген ғылыми ізденістердің қақпасы ашылғалы тұр, – деді философ ғалым Серік Нұрмұратов.

«Дөңгелек үстелде» іс-шараның мән-мағынасы туралы ой-пікір қозғалып, келелі сөздер айтылды.

– Қазақ тарихының хандық кезеңіндегі таптырмас дерек, ол – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» кітабы болып саналады. Ол қазақ тарихын зерттеушілердің бірі ретінде тарихта таныла білді, – дейді PhD докторанты Шынар Бақытжан.



КОНФЕРЕНЦИЯ

АНА ЖӘНЕ БАЛА

Патронаттық қызмет көрсету жолдары талқыланды

Алматының №26 қалалық емханасы базасында «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде жүкті әйелдер мен жас балаларға патронаттық қызмет көрсетудің әмбебап прогрессивті моделі» тақырыбында конференция өтті.

Бұл емхана Наурызбай ауданында АМӨС енгізуге жауапты денсаулық сақтау ұйымы. Аталған алқалы жиынға мегаполистегі барлық медициналық ұйымдардан 120-дан астам медицина қызметкері қатысты.

Әмбебап прогрессивті модель көптеген жылдар бойы және әртүрлі контексттерде өзінің артықшылықтарын дәлелдеген жүйе. Бұл модель балалар мен сәбилер өлімін, шала туу мен сырқаттанушылықты азайтуға бағытталған. Жүкті әйелдер мен жас балаларға патронаттық қызмет көрсетудің әмбебап прогрессивті моделі ЮНИСЕФ-тің қолдауымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен 2012 жылдың екінші жартысында қабылданған.

Конференцияда Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас штаттан тыс медбике-маманы Гүлнар Қожақанова, ІМСІ және УРМС бағдарламаларының республикалық үйлестірушісі Наталья Ким, Ұлттық әлеуметтік қызметкерлер қауымдастығы басшысының орынбасары, Алматы қаласы бойынша Қоғамдық кеңестің мүшесі, Алматы қаласы әкімі жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің мүшесі Жанар Нұрахметқызы, Әлеуметтік жұмыс мектептері қауымдастығының заңды тұлғалар одағының президенті Динара Есімова сөз сөйлеп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Конференция соңында тәжірибе алмасу мақсатында ІМСІ, УРМР, POR, сүзгі, ресурстық кабинет, оқу симуляциялық орталығының бөлмелеріне экскурсия жасалды. Бұл іс-шара қатысушылардың білімін байытып қана қоймай, балаларды емдеу саласындағы халықаралық озық тәжірибелермен танысуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, бұл балаларға көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына оң әсер ететіні сөзсіз.

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ


ДЕНСАУЛЫҚ КҮЗЕТШІСІ

мыңдаған адамның қыл үстінде тұрған өмірін құтқарды

Ақ халат киген мамандардың еңбегі әрдайым ерекше сый мен құрметке лайық. Себебі, олар алдына үміт артып келген адамның денсаулығы, түптеп келгенде оның болашақ өмірі үшін жауапты. Иә, дәрігерлік мамандық – жауапкершілікті, біліктілікті талап ететін жауапты қызмет. Олардың ауыр еңбегінің, кәсібилігінің және білімінің арқасында мыңдаған адамның қыл үстінде тұрған өмірі құтқарылады.

Олар тәуліктің кез келген уақытында жұмысқа шақырылуы мүмкін, олар үшін жұмыс уақытының тұрақты кестесі жоқ және олар әрдайым уақытпен санаспайтын мамандық иесі. Жаңа жыл кешін олар науқастың төсегінде немесе операциялық үстелде қарсы алу мүмкін. Ал төтенше, шұғыл, оқыс жағдайлар, табиғи апаттар кезінде олар тағы ал сол алдыңғы қатарда, сапта тұрады. Шынында да, олардың басым көпшілігі – нағыз қармандар.

Сондай жандардың бірі, өз ісінің



майталманы, гинеколог-хирург, Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухананың гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Оспанғалиева Сәулеш Мұхтарқызы. Ол ел арасында «алтын қолды хирург» атанып кеткен. Медицинада жүргеніне 35 жыл болды, соның ішінде 20 жылдан астам уақыты №7 ҚҚА қабырғасында өтіп жатыр.

Сәулеш Мұхтарқызы 1988 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1989 жылы Шығыс Қазақстан облысында акушер-гинеколог ретінде бастады, сол

ауруханада 1997 жылға дейін жұмыс істеді. Ал біздің шаһардағы №7 ҚҚАға 2000 жылы акушер-гинеколог болып жұмысқа қабылданды. 2019 жылы «Акушерлік және гинекология» мамандығы бойынша жоғары біліктілік санатына ие болды.

С.М.Оспанғалиева әйелдердің репродуктивті денсаулығына маманданған, гинекологиялық манипуляциялардың/операциялардың барлық түрін жетік меңгерген: аналық без қосалқыларында лапароскопиялық/лапаротомиялық операциялар (іншек жылауығы, аналық бездің ісігі, параовариалдық жылауқытар, түтікше генезінің бедеулігі); консервативті миомаэктомиялар; жатыр ампутациясы, экстирпациясы (лапаротомиялық, лапароскопиялық, қынаптық); жатырдың төмен түсуі және жатырдың түсуі кезіндегі пластикалық операциялар сынды күрделі оталар жасайды. Ол көптеген әйел-ананың, оның ішінде жүкті әйелдер мен олардың құрсағындағы сәбилердің өмірін аман сақтап қалған.

Сәулеш Мұхтарқызы бірнеше буын хирургтар мен дәрігерлерді, студенттерді мамандыққа баулыды, оларға ақылшы ұстаз, дос бола білді.

«Денсаулық сақтау ісінің үздігі», жоғары деңгейдегі білікті маман басшылығымен гинекология бөлімшесінде 5 дәрігер, 14 мейірбике және 9 санитар жұмыс істейді. Ұжымның әрбір мүшесі әрқайсысы бір тізбектің берік буыны сияқты өз орнына лайықты.

ДӘРІГЕРДІ ТЫҢДАЙЫҚ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Оны ұстанатындарға ауру жоламайды



Бас және мойын қатерлі ісігі – бұл ауыз, жұтқыншақ пен өңеш ісігінің ең кең таралған, бас пен мойын ағзаларының 30-дан астам ошағы бар ісіктер тобы. №8 қалалық емхана онкологы Гүлнұр Башарованың айтуынша, мұндай ісіктердің жаңа жағдайлары жиі кездеседі, бірақ қарапайым ережелерді сақтай отырып, олардың даму қаупін едәуір азайтуға болады.

Дәрігер қатерлі ісіктің пайда болуының негізгі факторларының бірі – темекі шегу, соның ішінде пассивті және алкогольді шамадан тыс тұтыну екенін айтып отыр. Сондықтан жаман әдеттерден бас тарту өмір сапасын едәуір жақсартатынын да еске салады.

– Тағы бір қарапайым ереже – өзіңізді күн сәулесінен қорғау. Жазда SPF-30 немесе одан жоғары ыстыққа шаяпалар мен күннен қорғайтын көзілдірік киген дұрыс. Бұл – бас пен мойын қатерлі ісігінің ғана емес, сонымен қатар терінің қатерлі ісіктерінің де алдын алу

қадамы. Теңдестірілген диета туралы да ұмытпау керек. Белсенді өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану принциптерін сақтау бүкіл денеге пайдалы. А, С және Е сияқты белгілі бір дәрумендердің жетіспеушілігі иммундық жүйені әлсіретіп, қатерлі ісік қаупін арттырады, – деді Гүлнұр Башарова.

Сондай-ақ, дәрігер ауыз қуысының гигиенасын сақтаудың және жылына екі рет тіс дәрігеріне үнемі барудың маңыздылығын атап өтті. Айта кету керек, кейбір инфекциялар, мысалы, адам папилломавирусы бас және мойын қатерлі ісігінің даму қаупін арттыруы мүмкін. Тұрақты тексерулер инфекциядан туындаған ауруларды уақытында анықтауға көмектеседі.

Қатерлі ісіктердің алдын алу бойынша үлкен жұмыс – тексеру жүргізіледі. Мұнда пациенттер емханаға алғашқы барған кезде жіберіледі. Онда арнайы дайындалған фельдшерлер визуалды қолжетімді локализацияларды тексереді, соның ішінде бас пен мойын терісін, қалқанша безді патологияға тексереді.

– Ерте диагностика – әрқашан нәтижелі. Яғни шағымдар пайда бола бастағаннан онкологпен кеңесу керек. Дәлірек айтсақ, ауызда немесе тілде пайда болған өзгеше жаралар, мойынның немесе беттің ісіктері, дауыстың қарлығы немесе тыныс алудың қиындауы, жағымсыз иіс, жұтқыншақта кесек тұрғандай сезім, салмақ жоғалту, мұрыннан қан кету, құлақтың тұрақты ауыруы, бет сезімталдығының жоғалуы, міне, осындай жайсыздықтарды сезінсеңіз, дереу дәрігердің алдынан табылыңыз, – дейді Гүлнұр Башарова.

ІЛТИПАТ

«Ауылдың медбикесіне қызығушы едім»

Мейірімді мейірбике мамандығын құрмет тұтады

Бибігүл Мұнашбайқызы – №11 қалалық емхананың жалпы дәрігерлік тәжірибе бөлімінің аға медбикесі. Медицина саласында жүргеніне 38 жыл. Бала күнінен ақ халатты абзал жан болуды армандаған оның осы саладағы жолы 1986 жылы Алматы қалалық медицина училищесіне оқуға түсуден басталады.

«Мен ауылда тұрдым, ауылымыздың медбикесіне қызығушы едім. Үнемі ақ халат киіп жүретін. Мен оны зиялы қауым өкілі санайтынмын, сүйсінетінмін. Үйімізге жиі келіп, дәрумендер тарататын. Әжем жиі ауыратын, олар келіп укол салып беретін. Сосын мен де мейіргер боламын деп шештім. Сол себепті, осы мамандықты таңдадым және өкінбеймін», – дейді Бибігүл Бөлекбаева.

Ол 1986–1999 жылдар аралығында Алматы облыстық клиникалық ауруханасының педиатрия бөлімінде мейіргер болып жұмыс істеді. Бұл жылдар оның мінезін шыңдады, табандылық пен шыдамдылыққа үйретті. Балалармен жұмыс істей отырып, ол өз мамандығына ауадай қажетті сезімталдық, сергектік қасиеттерін дамытты. 1999 жылы №11



қалалық емханаға ауысып, жалпы дәрігерлік тәжірибе бөлімінде аға мейіргер қызметін бастап та кетті. Осы ұжымда 25 жылдан астам еңбек еткен ол өзін жоғары білікті маман ретінде көрсете білді. Оның емхананың дамуына және медициналық көмектің сапасына қосқан үлесін бағаламауға болмайды. Емханаға келушілер де оны жиі іздеп тұратыны сол адал еңбегі болса керек.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасына орай «100 заманауи Оқушылар сарайын салу» бағдарламасы жүзеге асып жатыр. Осы бағдарлама аясында біздің қаламызда да заманауи орталықтар ашылып, пайдалануға берілген еді. Біз Алатау аудандық Инновациялық шығармашылық орталығында болып, ондағы жұмыс барысымен танысып қайтқан едік.

– Манас Саяхатұлы, сіз басшылық етіп отырған Инновациялық шығармашылық орталығына бір ғана ауданның емес, бүкіл қала балаларының да қызығушылығы артып отыр. Әңгімеміздің әлқиссасын орталықтың бүгінгі тыныс-тіршілігінен бастасақ...

– Қазіргі таңда Алатау ауданы әлеуметтік-демографиялық тұрғыда өте қарқынды түрде дамып келеді. Дәл осы ауданда заманауи орталықтың ашылуы ерекше оқиға болғаны рас. Қарап отырсаңыз, мегаполистегі 302 мың оқушының 56 мыңы дәл осы ауданында тұрады екен. Мәселен, өткен оқу жылында бірінші сыныпқа 6200 бала қабылданса, бұл қала бойынша ең жоғары көрсеткіш. Сондықтан ата-аналардың да орталыққа деген қызығушылығы ерекше. Сәтін салса, биыл да өтініштерді қабылдауды 1 қыркүйекте бастаймыз. Ал мектеп оқушыларына қыркүйектің ортасынан бастап, осындағы 33 түрлі үйірмеге қатысуына болады. Өткен оқу жылында Шығармашылық орталыққа аптасына 5 мыңнан астам бала келді. Бұл орталықтың ерекшелігі сол, ең жоғары стандарттар бойынша білім беру технологияларымен жабдықталған. Сонымен қатар, аталмыш орталықта Алатау ауданының оқушылары мен олардың ата-аналарына ыңғайлы білім беру кластері де құрылып отыр. Мұндағы секцияларда балалар арнайы әзірленген бағдарламалар бойынша білімдерін тереңдетуге мүмкіндік алады. Орталықта коворкинг аймағы, балалардың көңілін көтеруге арналған интерактивті проекциялық зал және оқушыларға арналған демалыс аймағы, ашық терраса бар.

– Балалардың жазғы демалысы қалай өтіп жатыр?

– Кез келген бала жазғы демалысының қызықты да, маңызды өткенін қалайды емес пе? Тіпті, бала өміріндегі ең ұмытылмас естеліктердің өзі осы жазғы демалыс лагерінен бастау алып жатады. Сондықтан біздің Алатау аудандық Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығы жанынан да жазғы лагерь ашылған. Оның жұмысы оқу жылы аяқтала салысымен, яғни 31 мамырда басталды. Жалпы, «Жаз дәурен» деп аталатын лагерімізде көрсетілетін қызметтің барлығы да тегін.

Инновациялық шығармашылық орталығының жоспары бойынша жазғы лагерьде екі мың бала демалады. Қазірдің өзінде күніне 200 бала осында келіп, жазғы демалыстарын өткізіп жатыр. Ең алдымен, көпбалалы және әлеуметтік аз

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ШЫҢДАЙТЫН ОРТАЛЫҚ

балалардың дарынын дамытып, қабілетін арттыруға септігін тигізеді



қамтылған отбасының балалары қамтылады. Орталықта балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Мәселен, лагерьге келушілерді күн сайын орталықтың медбикесі тексеріп, сауықтыру іс-шаралары мен гигиена бойынша әңгіме өткізеді.

Күнде таңертең флешмобтар, тәрбие сағаттары, квест ойындары ұйымдастырылады. Тәлімгерлер де балалардың жазғы демалысының барынша көңілді, қуанышты болуы үшін күш-жігерін аямай, еңбектеніп жатыр. Әр күнге жоспарланған қызықты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады. Топтық – спорттық ойындар, саяхаттар, табиғат аясында ойындар, акт залында қызықты мультфильмдер көрсету, түрлі тақырыптағы асфальт бетіне сурет салу байқаулары ұйымдастырылып жатыр. Сонымен қатар, орталықтың үйірме жұмыстары да балалардың шығармашылығын, жеке қабілеттерін ашу мақсатында жабдықталған арнайы кабинеттерде «Қазына» ұлт-аспаптар үйірмесі, «Радуга бисера», «Rainbow» заманауи биі үйірмесі, «Робототехника», «Сурет салу», «Вокал», «Хореография», «Юная модель», «3D модельдеу», «Заманауи бағбандық», т.б. жазғы үйірмелердің ойын форматына негізделген сабақтары өткізіледі. Сондай-ақ, қазіргі заманға сай коворкинг-орталық, IT-класс, спорт үйірмелері жұмыс

істеп жатыр. Аталған шығармашылық үйірмелері әр баланың талантын ашуға және дамытуға көмектеседі және достарымен бірге сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндік береді. Ерекше атап өтетін мәселе, күн сайын балалар «Жаз дәурен» лагерінің жаңа күнінің басталуын асыға күтеді. Орталықтың білікті педагогтарының арқасында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалар үшін қолайлы психологиялық ахуал тудырылады. Әр балаға ерекше педагогикалық тәсіл таңдалады. Осылайша жазғы лагерьдің әр күні балаларды жағымды әсерге бөлеуде. Орталық ұйымдастырып отырған «Жаз дәурен» лагері балалардың есінде ұзақ сақталады және ұмытылмас әсерлерге, жағымды естеліктерге толы боларына сенімдіміз.

– Қазіргі заманауи балалар қай салаға бейім? Олардың таңдауы қандай?

– Халқымызда «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген тәмсіл текке айтылмаса керек. Педагог ретінде айтарым, балалардың барлығы да талантты. Тек олардың қабілетін тани білу керек.

Мәселен, осы Орталықтағы тігін шеберханасына, аспаздық студиясына қыз балалар көбірек қатысатынын байқаймын. Сосын балалардың дені спорт залдарына, актерлік шеберхана студиясына, музыкалық студия мен дыбыс жазу студиясына ерекше қызығушылықпен қатысады. Әсіресе, балалардың басым бөлігі қысқы бақта орналасқан арт-студияны таңдайды.

Орталықтың ерекшелігі – классикалық бағыттардан басқа, заманауи бағыттар да қарастырылған, олар: модельдеу, VR сыныптары, авиамодельдеу, өнеркәсіптік дизайн. Бұл ретте орталықтағы сабақтар кәсіптік бағдар беру функциясын орындайды. Сонымен қатар, студиялардың колледждермен және жоғары оқу орындарымен байланысы бар.

– Манас Саяхатұлы, орталықтағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға қандай жағдайлар жасалған?

– Ерекше қажеттіліктері бар балаларды да осындағы сабақтарға тарту үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Мысалы, ұсақ моториканы дамытуға бағытталған секциялар бар. Осы ретте виртуалды шындық кабинетінің бағдарламаларын инклюзивті оқыту үшін бейімдеу мүмкіндіктері қолға алынып жатыр. Сонымен қатар, орталықта логопедтер, дефектологтар, психологтар жұмыс істейтін ЕДШ-залдар мен коррекциялық кабинеттер жұмыс істейді. Орталықтағы секциялар мен үйірме жұмыстарына аудан аумағында тұратын ерекше балалар да белсене қатысып жүр. Орталықтың барлық аумағында, террасаны қоса алғанда, мүмкіндігі шектеулі балалардың еркін кіріп-шығуына толығымен жағдай жасалған.

БӘРЕКЕЛДІ!

Шәкіртақы тағы да өсетін болды

Бұл жағымды жаңалықты Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті жария етті. Тиісті министрліктің мәліметінше, осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап студенттердің шәкіртақысы өсетін болды.

Сонымен, екінші жартыжылдықтан бастап Қазақстандық студенттерге жаңа стипендия тағайындалады. Осы жылдың бірінші қыркүйегінен бастап, бакалаврларға – 20 пайызға (41 898 теңгеден 47 135 теңгеге дейін, ал педагогика бағытында оқитындарға 67 200 теңгеден 75 600 теңгеге дейін); магистранттар мен докторанттарға – 15 пайызға (97 024 теңгеден 107 061 теңгеге дейін, докторанттарда тиісінше 217 500 теңгеден 240 000 теңгеге дейін) стипендия тағайындалады.

2021–2025 жылдарға арналған жол картасына сәйкес, стипендия екі есеге ұлғайтылады. Бұл ретте есептеулер кезінде базалық стипендия үшін 2020 жылғы шәкіртақылардың мөлшері есепке алынады. Мысалы, бакалаврларда бұл сома 26 186 теңгені құраған. Демек, осы сома жыл сайын 20 пайызға артады. Осыған ұқсас есептеу тетігі Денсаулық сақтау министрлігі мен Назарбаев Университетінің стипендияларын қоспағанда, магистратурада да, докторантурада да қолданылды.

СЕМИНАР

«Қақпақтар қалашығына» келіңіз!

Алатау ауданындағы №37 бөбекжай-балабақша бүгінде республикамызға кеңінен танымал болып отыр. Олардың танымал болуына қақпақтармен байланысты жобаның дүниеге келуі себеп болды. Осыдан бес жыл бұрын балабақша меңгерушісі Айнұр Батырбекқызы «Қақпақтар қалашығы» атты логопедтік жобаны қолға алып, оны дамыта бастаған еді.

Бұрын-соңды жүзеге аса қоймаған жаңалықты бүкіл ұжым да қолдап, ақыры оның авторына айналады. Ізденіс пен еңбектің арқасында ұжым қызметкерлері мыңнан астам бұйым жасап, оны оқу қызметіне пайдалана бастайды. Көп ұзамай жобаны патенттеп, құжатын қолға алады. Жалпы, осы жоба барысында жасалған ойыншықтар экологиялық тазалығымен де ерекшеленеді. Қазіргі таңда Алматыға өзге мемлекеттерден келіп, қақпақтың қыр-сырын үйреніп жатқандар да бар. Еліміздегі мектепке дейінгі мекеме әдіскерлері мен тәрбиешілері №37 бөбекжай-балабақшаның озық дәстүрінен сабақ алып, үйреніп жатады. Жақында аталмыш балабақша қаламыздағы жеке-меншік балабақша әдіскерлері мен тәрбиешілеріне «Қақпақтар қалашығына келіңіздер!» атты семинар ұйымдастырды.

– Білімнің негізі балабақшадан бастау алады емес пе? Сондықтан біз бүлдіршіндерге біліммен қатар, тазалықтың да әліппесін үйретеміз. Бүгінде осынау «Қақпақшалар қалашығы» жобасы аясында мыңнан астам бұйым жасадық. Сол бұйымдармен балалар қызыға ойнайды. Сосын оларды оқу қызметіне де пайдаланамыз. Қазіргі бүлдіршіндердің қиялы шексіз. Олар қақпақтан ұнаған



ойыншықтарды өздері-ақ жасап алады. Қонаққа барса да, бос бөтелке, қақпақ жинап әкеледі. Бұл ретте ата-аналардың да көмегі зор, – дейді Айнұр Әлімбекова.

Семинарға қатысушылар ашық аспан астындағы озық тәжірибені тамашалады. Қонақтар бүлдіршіндер дайындаған дәмі тіл үйірген балмұздақ пен тәтті жүгері түйіршіктерінен дәм татты.

– Балабақшада көптеген жақсы жұмыстар жүзеге асып жатыр. «Ойыншық дүкендегі» сатушы мен алушыны көрдіңіздер. Бұл да бүлдіршіндерді еңбекке баулудың бір жолы. Балақайлар еңбекке, үнемге үйренеді, – дейді Алатау аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Қарлығаш Ақмырзаева.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН
ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

(Дереккөз: aitimvd.edu.kz)

«ТҮЗЕЛ, ТІК ТҰР!»

Алматылық полиция сап түзеді

Алматы қалалық ПД бастығы Арыстанғани Заппаровтың қатысуымен ПД автокөлік шаруашылығында біріктірілген полиция жасақтарының біртұтас сап түзеуі өтті. Бұл ақпарат Алматы полициясының әлеуметтік желідегі парақшасында жазылған.

Полиция басшысының айтуынша, полицияға Қазақстан Республикасы Президентінің, азаматтардың, әсіресе, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың конституциялық құқығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардың санын азайту, халықтың сауаттылығын арттыру, көші-қон бақылауын күшейту, есірткі қылмысымен күресу, сондай-ақ жеке құрам арасындағы тәртіп пен заңдылық мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау міндеті тұр.

«Қаладағы тәртіп пен азаматтардың амандығы полицияның қалай жұмыс істейтініне байланысты. Тәртіп сақшыларының қоғаммен тығыз байланыста болуы өте маңызды. Ал материалдық-техникалық база мен мемлекеттік әлеуметтік қолдау олардың оқиғалардан қалыс қалмай, қылмысқа қарсы тұруына мүмкіндік береді, – деді Арыстанғани Заппаров.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті осы жылдың басынан бері тұрғындардың 4 мыңға жуық өтінішін қарады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде ҚР сауда және интеграция министрлігінің Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің өкілі мәлімдеді.

Департамент жұмысының негізгі бағыттарының бірі – халыққа кеңес беру, ақпараттандыру, сондай-ақ, сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау.

2024 жылдың 5 айында Департамент азаматтардың 4000-ға жуық өтінішін қарады. Өтініштерді қарау қорытындысы бойынша жоспардан тыс 20 тексеріс жүргізілді. Тұтынушыларға 100 918 331 теңге қайтарылды. Сондай-ақ, осы кезеңде Департамент 102 әкімшілік жаза қолданды.

Өтініштердің негізгі үлесі Департамент жүйелі түрде қарайтын бөлшек сауда және электрондық сауда саласына тиесілі. ТКШ қызметтері саласында өтініш түскен кезде Департамент мәселені жедел шешу үшін Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарымен жұмыс жүргізеді. Спикер тұрмыстық қызмет көрсету саласында тұтынушылар көбінесе сапасыз қызмет алатынын атап өтті. Департамент тұтынушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, сотқа дейінгі ары қарай соттарға үшінші тұлғалар ретінде қатысу талаптарын жасауда құқықтық көмек көрсетеді.

Сондай-ақ, Департамент Алматы қаласының қоғамдық ұйымдарымен қала азаматтарының тұтынушылық құқықтарын қорғау саласында белсенді жұмыс жүргізуде. Осы көрсеткіштерді талдау нәтижесі тұтынушылық құқықтық мәдениеттің артуы туралы да, жосықсыз кәсіпкерлік қызметтің өскенін көрсеткен.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Жыл басынан бері 100 млн теңгеден
астам қаражат қайтарылды

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Нұрлан АБДИЕВ, Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті басшысының орынбасары:

Өнім сапасы мұқият тексеріледі

Тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы негізгі құқықбұзушылыққа тұтынушының шағымына 10 күндік күнтізбелік мерзімде жауап бермеу, сауда саласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына заңнамада белгіленген сауда үстемесін бұзу жатады.

Департамент жұмысының маңызды бағыты – сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнама нормаларын сақтау бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу.

«Сапалы өнім» әлеуметтік жобасы аясында Алматы қаласының қоғамдық ұйымдары тамақ өнімдерінің қауіпсіздік сапасының сәйкестігін анықтау үшін шетелдік өндірушілердің 19-ға жуық өнім атауын сатып алып, тамақ өнімдерінің сынақ зертханасына сараптама жүргізуге жіберілді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне сәйкес 13 бизнес субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

2024 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша комиссия қызметінің нәтижелері бойынша 17 отырыс өтті. Тиімсіз делдалдар түріндегі бұзушылықтардың 202 фактісі, сондай-ақ сауда саласындағы заңнаманың бұзылуы анықталғанын және жойылғанын, жосықсыз кәсіпкерлерге қатысты 186 әкімшілік хаттама жасалды. Ұсынылған материалдардың нәтижесі бойынша сауда саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік шаралар қабылданады, сондай-ақ тұтынушылар үшін өнімнің соңғы құны төмендетіледі.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



«АЙБЫН»

жастарға әскери өмірдің қыр-сырын үйретеді

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Құрлық әскерлерінің әскери институтында «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны салтанатты жағдайда шымалдығын ашты. Оған қатысу үшін Алматы төріне Қырғызстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Ресей және Беларусь пен еліміздің барлық өңірінен жас патриоттар командалары келді.

14–17 жас аралығындағы 750 ұл-қыз әскери өмірдің қыр-сырын меңгеріп, спорттық додада бақ сынап, ең мықтылар анықталатын болады. Дәстүрге айналған «Айбын» әскери-патриоттық жиынына Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы бойынша М.Ломоносов, Бөлек батыр және Ж.Қаипов атындағы орта мектептердің «Жас бүркіт» әскери-патриоттық сыныбынан 10 ұл және 5 қыздан құралған 15 ұлан қатысып жатыр. Бұл сыныптың тәрбиеленушілеріне алматылық Ұлттық ұланның 6654 әскери бөлімі қамқорлық көрсетеді.

Биыл оныншы рет ұйымдастырылып отырған халықаралық іс-ша-

ра Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған.

– Елдің дамуы мен гүлденуі, оның келешегі жас ұрпаққа тікелей байланысты. Болашақ ел сарбаздарын жастайынан жауынгерлікке баулу, олардың бойына отаншылдық ерлік рухты қалыптастыру – қазақстандықтардың ортақ парызы. Мемлекет басшысы былтыр бүкіл армиялық кеңесте «Жас сарбазды» ұлттық деңгейге көтеру керек екенін айтты. Осындай іс-шара көп болса, болашақта патриот жастардың да қатары көбейетініне сенімдімін, – дейді ҚР ПМ Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Талапкер Әміреев.

Салтанатты жиында Сағадат Нұрмағамбетовтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, құрмет көрсетілді. Жастар «Халық жүрегіндегі қаһарман» атауымен ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Сонымен қатар, «Генерал Сағадат Нұрмағамбетовтың әскери мұрасы және оның қазіргі заманғы маңызы» атты жаңа кітап таныстырылды.

– Жалпы, «Айбын» халықаралық жастар жиынына бірінші рет келдім. Облыстық іріктеуден өтіп осындай жарысқа қатысып жатқанымға қуаныштымын. Бұл жарыста Ұлттық ұланның «Жас бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысының намысын қорғап, жүлделі орынмен қайтатынымызға сенімдімін. «Айбын» жастар жиыны арқылы өзіме көптеген елден, қалалардан достар тауып жатырмын, – дейді жиынға қатысушы Ұлжан Асарбай.

МОНИТОРИНГ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТЫНЫШТЫҚТЫ
БҮЗҒАН

мопед жүргізушілері ұсталды

Алматы полицейлері көліктерге шу шығаратын құрылғыларды қолданбауды ескертеді. Қалада тікелей ағыны бар көліктер мен дыбыс өшіргіштерге орнатылған резонаторлардың жұмысын бақылау күшейтілді.

«Бұл көлік құралдарының қозғалысы әдетте әрқашан гүлмен, шумен және азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да дыбыстармен бірге жүреді. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай бұзушылықтарды көбінесе мопед және мотоцикл жүргізушілері жасайды және олар түнде белсенді болады. Ең көп зардап шегетіндер үйлері қаланың ірі магистральдарына жақын орналасқан аудан тұр-

ғындары. Осыған орай алдыңғы шептегі бөлімшелердің жеке құрамы көліктің осы түрін анықтап, ұстауға, заңнамаға сәйкес шаралар қабылдауға жұмылдырылған, – деді Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Асхат Құлбаев. Сонымен қатар, мұндай жағдайларда тыныштықты бұзғаны үшін санкциялар қолданылады. Бұл рейдтік іс-шаралар жалғасады.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«АҚ ЖҮРЕК, ТАЗА АҚЫЛ, АДАЛ ЕҢБЕК»

Шәкәрім қажы айтқан осы үш қасиет бойымыздан табылса...

Адам болған соң өмірде түрлі жағдай орын алады. Әртүрлі көңіл күйде жүреміз. Әрине, оның мәнісін қым-қуыт тіршілікпен байланыстырып жатамыз. Дегенмен, қандай жағдай болмасын, қүйтақандай ғана жүректі аман сақтайықшы!

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

жаңа туған нәрестеде бұл көрсеткіш 150-ге жетуі мүмкін.

Әйелдің жүрегі ер адамға қарағанда тезірек соғады. Мүмкін сондықтан әйелдер сезімтал және эмоционалды болып келеді.

Түскі астан кейін ұйықтайтын адамдардың күні бойы сергек жүретіндерге қарағанда жүрек-қан тамырлары ауруына шалдығу ықтималдығы 37%-ға аз көрінеді.

Тушкірген кезде жүрек тоқтайды. Бұл медициналық құрылғыларда анық көрінеді.

Күлкі тамырлар арқылы жүретін қан ағымын 20%-ға тездететіні дәлелденді.

Әрине, біз үшін он екі мүшеміздің, әрбір ағза мүшенің орны ерекше. Әрбірі көліктің қозғалтқышы сияқты. Мәселен, машинаның моторы болмаса, ол жүрмейді. Сол сияқты, адамның да жүрегі соғуын тоқтатса, өмірі тоқтады деген сөз. Тіпті, экшн фильмдердің өзінде жүрекке ота жасап, оны арнайы құрылғы арқылы аман-есен сақтауға тырысады. Демек, жүрек ең басты ағза саналады.

«Жақсы сөз – жарым ырыс»

Халық арасында «жақсы сөйле», «жылы сөйле», «жағымды сөйле» деген тіркестер жиі кездеседі. Демек, сөздің өзі жүрекке әсер ететін болып тұр ғой.

Пенде болған соң үнемі бір қалыпты өмір сүру мүмкін емес. Бойда қуат, жүзде шуақ кейіпке енеміз. Алайда, жүрек жылы сөз естігенде тынығады екен.

Қазақтың дүниетанымында «жүректі



адам» деген ұғым бар. Бұл – нағыз батыр, көшбасшы, білгір һәм ділмар дегенді білдіреді. Бірде Бауыржан Момышұлы атамыздан «Сіз қорықпайсыз ба?» деп сұраса керек. Сонда «қорықпайтын адамның ақылы кем болуы керек шығар, бірақ жүректі тоқтатып, ақылмен іс қыла біл» деп қайырыпты. Көрдіңіз бе, мұның өзі нағыз көреген әрі тапқырлықпен табылған жауап.

Аспан асты елінің ұлы ойшылы Конфуций «өзіне не істегенді қаламасаң, өзгеге соны істеме» депті. Бұл ұлы ойшылдың артық айтпа, оғаш қылық жасама дегені болар. Бұл да ойланған адамға тұшымды ой салары анық. Дүние жалған болса да, жүрек – жалғыз!

«Махаббатпен жаратқан адамзатты...»

Шіркін, ақын деген ерекше жан ғой. Хакім Абай «махаббатпен жаратқан адамзатты» деп жырласа, астарында үлкен мән жатыр.

Махаббаттың құдіреті ерекше. Бізге ата-ана, ағайын, туыс-жекжат, әйел, бала-шағаны естен шығармау керек сияқты. Рас, кейде жұмысбасты болып естен шығарып аламыз. Беті аулақ, басына іс түссе, жақындарды жағалап, туысты төңірекейміз. Қараңызшы, ғылымда адамдар арасындағы сыйластық жүрекке қуат беретіні дәлелденген екен. Тіпті, алысқа бармай-ақ, қоғамдық орында ілтипат көрсетіп, жөн сұраған адамға жол көрсетейікші. Осының өзінен әлем сәл де болса нұрлана түсер еді. Әйтпесе, біздің ессіз жануардан не айырмашылығымыз бар? Халқымызда «қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деген сөз бар. Бұл, әсте абай бол, са-

бырға кел дегенді меңсесе керек. Кейде болмашыға керілдесіп, жан-жағымызбен жанжалдасып жатамыз. Содан да болар, кей кісілер зейнетке жетпей, бейнетке тап болып жатады. Мінездің кейде инсульт, инфарктке апаратын да жолы бар.

«Бақыт құшағында»

Шәмші көкемнің осы бір әнін естіген сайын бақыт туралы ойлаймын. Жалпы, шығармашылық адамы сезімтал, бәрін байқайды ғой. Бұрын ауылда алдымен ақсақалды атамыз, бірер қадам кейіндеу ақжаулықты әжелеріміз келе жататын еді. Той-жиынға жұбымен келетін. Алдынан шыққан кішкентай бүлдіршіндерді сүйіп, мәз-мейрам болатын еді. Қазір ойласам, «бір жастықта қартайсын» деген бата бекер емес екен ғой. Осынау аталы сөзді енді ұғынып жүрмін.

Біз пендеміз. Қателік жасап, сосын оны түзетіп әлекке түсеміз. Ел арасында «өзің жақсы болсаң, бәрі жақсы» дейді. Сүлеймен пайғамбардың жүзігінде «Бәрі де өтпелі» деген жазу болған дейді. Яғни біз қаншалықты қаласақ та, уақытты кері айналдыра алмаймыз.

Неге бізге бақыттың құшағында болмасақ? Бәрі өз қолымызда. Жүрген ортаны жандырып жүрмесек те, өзгелерге кедергі келтірмейікші. Адамның артында қалатын ізі, ұрпағы мен жақсы ісі ғана.

ТҮЙІН:

Жүрек – жалғыз. Ол – өте сезімтал. Адам өмірден өтерінде барлық өмірін жүрегінің елегінен өткізеді деседі... Оның қалай боларын біз біле бермейміз...

ЖАҢА КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 11 маусымдағы №189 бұйрығымен «Кәсіптік мерекелер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына өзгерістер енгізілді. Жаңартылған тізімде 10 шілдеде атап өтетін «ветеринарлық қызметкер күні» атты жаңа кәсіби мереке пайда болды. Осыған байланысты мереке қарсаңында Алматы қаласының ветеринарлық қызметінің жұмысын атап өткім келеді.

қадағалау комитеті». Еліміздің барлық облысында және республикалық маңызы бар қалалар – Алматы, Шымкент және Астанада аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

Комитеттің Алматы қаласындағы бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы түрінде ұсынылған. Аумақтық инспекция биологиялық қауіпсіздік, тамақ қауіпсіздігі, ақпараттық және Мемлекеттік қызмет көрсету бөлімдерінен және шекара мен көліктегі мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінен тұрады.

Аумақтық инспекцияның негізгі міндеті – жануарларды аурудан қорғау және емдеу, жануар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы міндеттерді орындау үшін инспекцияда 56 мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор жұмыс істейді. Олар Алматы қаласының аумағын жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларынан қорғайды. Сондай-ақ, әкелінетін және әкетілетін тамақ өнімдерінің,

жем-шөп пен жем-шөп қоспаларының, ветеринариялық препараттардың сапасын бақылайды. Мамандардың жұмысының арқасында кейінгі 10 жыл ішінде қалада жануарлардан алынатын өнімдермен адамдардың жаппай улануы, сондай-ақ жануарлардың аса қауіпті аурулар тіркелген жоқ. Алматы қаласында эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге және қараусыз жануарлардың санын реттеуге жауапты негізгі оператор – ШЖҚ «Қалалық ветеринариялық қызметі» КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын). Бұл кәсіпорын 2012 жылы Алматы қаласы әкімінің қаулысымен құрылды. Қазіргі уақытта кәсіпорында 30 ветеринарлық маман жұмыс істейді. Мал дәрігерлік қызметтің маңызды міндеттерінің бірі – адамдар мен жануарларға ортақ аса қауіпті аурулардың алдын алу.

Ветеринарлар үшін басты қағида – адалдық. Уақытылы және сапалы жүргізілген ветеринариялық профилактика аурулардың алдын алып қана қоймай, көбінесе профилактиканың өзінен қымбат болатын жануарларды емдеуге кететін шығындарды үнемдейді. Ветеринариялық дәрігерлер жануарлар иелеріне арналған жадынамамен тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Әріптестерімді Ветеринарлық қызметкер күнімен құттықтаймын және зор денсаулық, бақыт және жақсылық тілеймін!

Нұрлан ШАРИПҰЛЫ,
ҚР АШМ Алматы қаласы бойынша
аумақтық инспекциясының
бөлім басшысы.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы ветеринарияның уәкілетті органы – «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

2024 жылғы 19 маусым №2/225-850

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 18 маусымдағы №24.01-24.07/499-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы үшін (алаң), Алматы қаласының Бостандық ауданындағы Сейфуллин даңғылының батысы, Сәтбаев көшесінің солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің

2024 жылғы 19 маусым

№ 2/225-850 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Адайбекова Лейла Муханбетовна	20-313-004-324	Сейфуллин даңғылы, 605-үй	0,1778
2.	Адайбекова Лейла Муханбетовна	20-313-004-338	Сейфуллин даңғылы, 607-үй	0,0808
3.	«Сейфуллина 605» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-004-685	Сейфуллин даңғылы, 603/1 учаске	0,1253

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 30 мамырдағы №119 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 11 маусымда №197512 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 30 мамыр

№119

«Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №489 шешімінің күші жойылды деп тану туралы «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №489 шешімінің (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1650 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы

мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШІЕВ

«KBS Gaz» ЖШС Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 31 мамырдағы №218 бұйрығы негізінде. «Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №210 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2024 жылғы 1 шілдеден бастап тауарлық газ бағасының өзгеруі туралы хабарлайды. Алматы қаласы «Қарасу» ықшамауданындағы «Птицевод», «Болашақ», «Дружба» шағынаудандарының тұтынушылары үшін сату бағасы:

Тұтынушы санаты	Өлшем бірлігі	КҚС-сыз сату тарифі	КҚС – пен сату тарифі
Газ тарату жүйесінен тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бойынша қызметтерді алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық).	тенге/1000 м ³	34 825,16	39 004,18
Халыққа жылу өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын жылу-энергетикалық компаниялар	тенге/1000 м ³	28 763,62	32 215,25
Занды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	тенге/1000 м ³	42 932,48	48 084,38
Электр энергиясын өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	тенге/1000 м ³	37 147,08	41 604,73
I, II, III, IV, VI, VII және VIII тұтынушылар топтарына кірмейтін басқа тұтынушылар	тенге/1000 м ³	38 142,36	42 719,44
Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м ³	45 485,38	50 943,63

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен медиация институтын дәріптеу және дауларды шешуге бағытталған жоба іске асып жатыр. Осы жоба аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде құқықтық және медиативтік консультациялар беру мақсатында 8 707 760 76 02 жедел желі нөмірі іске қосылғанын хабарлаймыз. Жобаны ұйымдастырушы: «Social project management» орталығы» қоғамдық қоры.

• 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕНІМДІ ӨКІЛІ

Бұл лауазымның құзыретіне мемлекеттік қызметшілердің құқығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау жатады. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға үлес қосады. Мемлекеттік қызмет, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының және қызметтік әдеп нормалары талаптардың орындалуын қадағалайды. Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді. Сонымен қатар, мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда белсенді болған қызметшілерді көтермелеу туралы ұсыныс білдіреді.

Басты міндет – мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдер мен жүргізіп отырған саясатына деген сенімді арттыру. Айта кету керек, Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі міндеті – жазалау емес. Уәкілдің қызметі, ең алдымен, Мемлекеттік қызмет туралы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алуына бағытталған. Қандай жағдай болсын, мемлекеттік қызметкерлер халықпен сыпайы, салмақты түрде сөйлесуі тиіс. Әдеп жөніндегі уәкіл, жалпы мемлекеттік қызметкерлер – мемлекеттің сенімді өкілдері. Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері, құқық бұзушылықтың себептері бойынша консультациялық көмек көрсетіледі. Алдағы уақытта қателікті қайталамай, заңсыздықтың алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізіледі.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департамент қызметшілерінің қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, сондай-ақ ұжымның моральдық-психологиялық ахуалының жай-күйін мониторингілеу мақсатында және артық жұмыс жасау фактілерінің алдын алу мақсатында анонимдік сауалнамалар алу жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2 профилактикалық іс-шара өтіп, оған 34 мемлекеттік қызметші қатысты.

Түйіндей келе, мемлекеттік қызметші – мемлекеттің бір өкілі. Халықтың, елдің алдындағы тұлға болғандықтан, оның әрбір айтқан сөзі мен іс-қимылын халық жіті бақылап отырады, үнемі көңіл таразысынан өткізеді. Сондықтан өз ісіне, сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына жауап бере алуы керек. Жеке адамдар арасында болсын, мемлекеттер арасында болсын, кез келген қарым-қатынас әдеп шеңберінен шықпаса ғана тиімді әрі нәтижелі болмақ.

А.УЗБЕКОВ,

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылады. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ШІЛІҢГІР ШІЛДЕ КЕЛЕ ЖАТЫР

«Сұмырай келсе су құриды» деген тәмсіл қайдан шыққан?

Бір күн бұлыңғыр, бір күн сылыңғыр болып жаз да өтіп жатыр. Күн бірде тым ысып кетсе, бірде жауындатып қоя береді. Енді бірде төбеңнен төне шақшынып, өзінді күйдіріп тұрған күннен бас сауғалауға сая таппайсың. Аялдамалардың бәрі шағын, төбелеріндегі шатырлары еңсіз. Басың көлеңкеге жеткенде денең сыртта тұрады. Ол аз болғандай, аялдамаларда жолаушыға арналған 4-ақ орындық (кейбірінде ғана 5-6 орындық) бар. Жаңбыр жауғанда немесе күн ыстығын аямай төккенде аядай аялдамаға сыймай қор боласың.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Шілде амалының алғашқы он күніне жасалған жорамал:

- * Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады;
- * Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлемеді;
- * Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады;
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады;
- * Көлмектен тұнба иіс мүңкісе, өткініші жауыннан кейін кемпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусымның 21-і, ай есебіне сүйенсек, маусымның – 15-і. Ал біздің бабалардың есебінше, осы айдың – 8-і. Апта айдың басын және соңын түгел қамтып тұр. Бұл осы мерзімде ауа райында аз да болса өзгеріс болатынын білдіреді. Апта айдың басына, ортасына және соңына дөп келіп тұр. Аспан денелерінің білдіруінше, осы аптада жаңбыр сирексіп, күн ерекше ысыйтын сынайлы. Нағыз жаз айы енді сезілетін болады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

МАИ қызметкері емес, жай жүргінші

бағдаршамы өшкен көше қиылысындағы көлік қозғалысын жарты сағатқа таяу ретке келтіріп тұрды


Маусымның 11 жұлдызында кешкі сағат 18.30 шамасы болатын. Көлік қозғалысы көп Абай даңғылы мен Н.Тілендиев көшесінің қиылысында бағдаршам өшіп, үлкен кептеліске тап болдық. Кешкілік мезгілде жұмыстан қайтқан қоғамдық және жеке көлік, оларға қоса ауыр жүк машиналары жан-жақтан тоқайласып, бапылдатып «сигнал» беріп, абыр-сабыр орын алды. Жаяу жүргіншілер легі де жол жиегінде жиналып қалды. Осындай қарбаласта жол апатының жиі орын алатынын да білеміз. Бір кезде мотоцикл мінген жас жігіт көлігін жол жиегіне қоя салды да, көше ортасына тұра қалып, қолын ары-бері сілтеп, ағылған көліктерге жол нұсқады. Басында каскасы бар қара киімді жігітті біз әуелде МАИ қызметкері екен деп ойладық. Бірақ полиция қызметкерінің киімі мен қолында ала таяғы жоқ жігіт әп-сәтте кептелісті ретке келтіріп, көшедегі қозғалыс жайымен тарқап кетті. Манадан дағдарып тұрған жаяу жүргіншілер де жолдан жайбарақат өте бастады. Бейтаныс жігіттің үлкен жол ортасында тұрып, төрт бағыттан ағылған көліктерді рет-ретімен өткізген әрекетін сырттай бақылап, көпшілік ішінен ұялы телефонына түсіріп жатқанын да байқадық.

Қарапайым жігіттің көше қиылысындағы батыл қимылы, бір есептен, қауіпті де еді. Полиция формасы мен қолында өшіп-жанған ала таяққа көзі үйренген, оның қол көтеріп «Тоқта!» деген нұсқауын елегісі келмеді. Бірақ тәртіпке бағынды. Әдетте, мұндай кезде жол қозғалысын ретке келтіретін полиция қызметкерлері тез жететін. Өлгі қара киімді жігіт 30 минут бойы жолдың ортасында көлік қозғалысын басқарып тұрды. Әйтеуір, бір кезде жоғары жақтан жеңіл көлікпен полиция қызметкері жетіп, «Қарағым, осы кезге дейін қайда жүрсің?» деген сауалымызға: «Қой қарап жүрмін!» деді де, жолдың ортасында барып, қызметіне кірісті.

Ал бейтаныс қара киімді жігіт мотоциклін оталдырды да, өз жолымен кете барды. Біз қарапайым ғана қара баланың өміріне қауіп төнгеніне қарамастан көше қиылысындағы кептелісті ретке келтіргеніне риза болдық. Оның бұл әрекеті жолда жүру ережесіне қайшы келуі де мүмкін. Бірақ қиын жағдайда батыл шешім қабылдаған қарапайым қала тұрғынының әрекетіне көпшілік сүйсінгені анық.

Өтеш ӨТЕУЛПҰЛЫ,
зейнеткер.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.